ИМАН ШАРТ

Жәннәттан үміті бар адамдар үшін

АСА ҚАМҚОР, МЕЙІРІМДІ АЛЛАҺТЫН АТЫМЕН!

Бүкіл әлемнің Раббы Аллаһқа мадақ! Пайғамбарымыз Мұхаммедке, отбасына және оның жолымен жүрген бүкіл үмметіне Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын!

Омар бин аль Хаттабтың (Ол кісіге Аллаһ разы болсын!) жеткізуі бойынша:

«Біз Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге отырған бір күні, біздің арамызға ерекше ақ киімді және ерекше қара шашты кісі кіріп келді. Оның үстінде сапар шеккен адамның ешбір ізі болмады, бірақ біздің арамызда оны танитын да ешкім болмады. Ол Пайғамбардың, оған Аллаһтың иілігі мен сәлемі болсын, алдына келіп отырды. Тізелерін оның тізелеріне тигізіп және қолдарын аяғына қойып:

«Иә Мұхаммад, маған **ИСЛАМ** жайлы айтшы», - деді.

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ислам дегеніміз - ол 1) Аллаһтан басқа құдай жоқ екендігі және Мұхаммад Аллаһтың елшісі екендігіне сену, 2) намаз оқу, 3) зекет төлеу, 4) Рамадан айында ораза ұстау және 5) мүмкіндігің болса қажыға бару», - деп айтты. Ол (келген адам): «Сен дұрыс айттың», - деді, ал біз болсақ, оның Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әуелі сұрап алып, артынша оның жауабына «дұрыс айттың» дегеніне таң қалдық.

Ол: «Енді маған **ИМАН** жайлы айтшы», - деді.

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ол дегеніміз: 1) Аллаһқа, 2) Оның періштелеріне, 3) Оның кітаптарына, 4) Оның елшілеріне, 5) Қияметке, 6) Барлық жақсылық пен жамандық Аллаһ тарапынан жазмыш екендігіне сену», - деді. Ол: «Сен дұрыс айттың», - деді.

Сосын: «Маған **ИХСАН** жайлы айтшы», - деді.

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ол дегеніміз, Аллаһты көріп тұрғаныңдай құлшылық ету, неге десе?, (сен Оны көрмесең де), Оның сені көріп тұрғаны ақиқат», - деді.

Ол: «Енді маған **ҚИЯМЕТ** жайлы айтшы», - деді.

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сұралушы сұраушыдан артық білмейді», - деді. Ол: «Енді маған оның белгілерін (алдында не болатыны жайлы) айтып берші», - деді. Пайғамбар: «Күң өзінің ханшайымын туады; аш-жалаңаш, бейшара қойшылардың биік ғимараттар салып жарысқанын көресің», - деді. Содан соң ол (келген кісі) кетті, ал мен бірер уақытқа бөгелдім. Сонда Пайғамбар: «Иә Омар, сен кімнің сұрақ қойғанын білесің бе?», - деді. Мен: «Аллаһ және Аллаһтың елшісі бәрінен жақсы біледі», - дедім. Пайғамбар: «Бұл - сендерді діндеріңе үйретуге келген Жебірейіл (періште)», - деді.[1]

АЛЛАҺҚА ИМАН

Әр адамның жүрегі туылысымен-ақ Жаратушысының бар екендігіне сенуге бейімделген. Абу Хурайра, ол кісіге Аллаһ разы болсын, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естіген: «Кез-келген адам өмірге мұсылман болып[2] туылады, бірақ оны ата-анасы иудей, христиан немесе отқа

[1] Хадис имам Муслимнің жеткізуімен келтіріледі.
[2] Яғни, Аллаһты жалғыз Құдай деп танып.

табынушы етеді. Сен бір жануардың туылғанда тұмсығының кесіліп туылғанын көрдің бе? Міне, бұл да сол сияқты.»[3]

Әрбір жаратылыстың болуының өзі - Жаратушысының бар екендігін дәлелдейді. Аллаһ Тағала бұл туралы былай дейді: «Олар еш нәрсесіз (өзінен-өзі) жаратылды ма? әлде жаратушы өздері ме?» [4]

Басқаша айтқанда, Аллаһ Тағала бізден: «олар Жаратушының қатысуынсыз жаратылды ма? немесе өздігінен жаратылды ма?» деп сұрайды. Әрине, бұл сұраққа жауап - біреу ғана. Әр нәрсе өзінен өзі болуы мүмкін емес және әлбетте оның Жаратушысы бар, ол Жаратушы - Құдіретті Аллаһ Тағала.

Құдіреті күшті Аллаһ Тағаланың бар болуы – табиғи және жүрекке туабітті берілген түйсік болғандықтан, Ислам діні Аллаһ Тағаланың бар екендігін дәлелдеуге аса көп мән бермейді. Неге десеңіз, Аллаһ Тағала бар және оны кез-келген нәресте, не кез-келген адам, қай дін өкілі екендігіне қарамастан мойындайды. Жаратушыны әр халық өз тілінде атайды. Мысалы, қазақ «Құдай» десе, орыс «Бог» деп, Оның Жаратушы екендігін мойындағанымен, олар мұсылман болып есептелмейді. Неге? Неге десеңіз, Ислам дінінің ең басты мән беретін мәселесі - Аллаһ Тағаланың жалғыздығы, яғни: «Аллаһтан басқа сыйынуға лайық құдай жоқ!», - деуі.

Ислам дінінің негізі - Аллаһқа деген сенім, ал Аллаһқа деген сенімнің негізі - Аллаһтың жалғыздығын мойындау болып табылады.

Аллаһ алдында біздің дініміздің қабыл болу шарттарының бірі - Аллаһтың жалғыздығын біліммен бекітілген нақты сеніммен мойындауымыз. Яғни, Аллаһты - бәрінен Жоғары, Біреу және барлық ісінде және қасиетінде Жалғыз және Оның көмекшісі әрі Оған тең келетін ешкім жоқ екендігін мойындау, сондай-ақ, «Оның ұлы, әке-шешесі және қыздары жоқ» деп білу. Сондай-ақ, Аллаһтың жалғыздығын ой-ниетімізбен және іс-әрекетімізбен мойындау да - дініміздің қабыл болуының басты шарттарының бірі болып табылады. Яғни, барлық ой-ниетпен, сөзімізбен және денемізбен орындалатын ғибадатты - тек қана Аллаһ Тағалаға арнау қа жүгініп орындау болып табылады.

Әр бір мұсылманға Аллаһтың жалғыздығының екі құрама бөлігін жақсы білу шарт. Олар, Аллаһтың Үстемдікте жалғыздығы және Аллаһтың тәңірлік сипатындағы жалғыздығы.

1. Аллаһтың Үстемдіктегі Жалғыздығы - ол Аллаһ бәрінен Үстем, Ол бүкіл дүниенің Раббысы және Жаратушысы және бүкіл дүниенің билігі Оның қолында екендігі. Оның үстемдігінде және Оның дүниесінде Оған ешкім ортақ емес, яғни барлық жаратылыс - Аллаһтың қолында. Ол - Көк пен Жердің Раббысы, барлығына ризық Беруші. Ол жалғыз Өзі - Жоғарылатушы және Төмендетуші, Беруші және Алушы, жақсылық пен жамандықты Жіберуші де - жалғыз Өзі. Аллаһтың Жалғыздығына сенімнің бұл бөлігін материалист-атеистерден басқаларының бәрі мойындаған. Керек десеңіз, бұтқа табынушы көпқұдайшыл арабтар да Ислам келместен бұрын Аллаһтың - бүкіл жаратылысытың Раббысы екендігін мойындаған. Оған дәлел ретінде Аллаһ Тағаланың мына төмендегі аяттарын мысалға келтіре аламыз: «Егер олардан (яғни көпқұдайшылдардан): «Көктер мен жерді жаратқан және күн мен айды кім іске қосты!?», - деп сұрасаң, әлбетте: «Аллаһ» дейді. Сонда олар қайда лағып барады.»[5]

---

[3] Муслим, аль-Бухари риуаяты бойынша.

[4] «Тұр» сүресі 35 аят.

[5] «Ғанкабут» сүресі 61 аят.

Кәпірлердің бұл жауабынан олардың Аллаһтың - Үстем, яғни бүкіл әлемнің Жаратушысы екендігін мойындағаны көрініп тұр. Бірақ олар Аллаһтың Жалғыздығына сенімінің екінші бөлігі -Аллаһтың тәңірлік сипатындағы жалғыздығын мойындамаған.

2. Аллаһтың тәңірлік сипатындағы жалғыздығы – «бүкіл ғибадатқа, бой ұсынуға және толық бағынуға тек қана Аллаһ лайықты» деп білу. Бұл дегеніміз: Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық етуге болмайтындығын білу және бүкіл құлшылықта Аллаһқа ортақ қоспау, «тек қана Аллаһты құлшылыққа лайықты» деп санау. «Аллаһтан басқа құдай жоқ» деп куәлік берудің мағынасының өзі – «құлшылыққа лайықты Аллаһтан басқа ешкім жоқ» деп түсіну.

Аллаһтың үстемдікте жалғыздығы мен Алллаһтың әңірлік, яғни құлшылықтағы жалғыздығын бірге мойындамай, Аллаһтың Жалғыздығына иман келтіру толық болмайды. Мысалы, христиандар да Аллаһтың Үстем, Жаратушы екендігін мойындаған, бірақ олар Мариям ұлы Исаны Аллаһқа ортақ қосып, «бөлек құдай» деп, оған ғибадаттарын арнағандықтан, яғни оған құлшылық етуі себепті адасуда.

Мінеки, Ислам дінінің басы, Ислам дінінің ортасы және Ислам дінінің соңы, былайша айтқанда бүкіл Ислам - Аллаһ Тағаланың Жалғыздығын мойындау, яғни Аллаһтан басқа Құдай жоқ екендігін мойындау болып табылады. Аллаһ Тағала осы үшін бүкіл адамзатты жаратты, осы үшін бүкіл пайғамбарларды жіберді және осы үшін адамзатқа кітаптар түсірді. Сондай-ақ, бүкіл адамзатты бақыттылар және бақытсыздар етіп бөлетін де осы нәрсе болып табылады.

Аллаһқа серік қосу «ШИРК» - Аллаһтың Жалғыздығын мойындамау болып табылады.

Ширк - ол Аллаһқа ғана тән қасиеттерді «тағы басқа біреуде де бар» деп сену. Мысалы, «Аллаһтан басқа тағы Құдай бар» немесе «Құдайлар бар» деп, оларға ғибадат етсе, не болмаса олардан қорықса, не оларды жақсы көрсе, не олардан көмек сұраса, онда ширк жасаған, яғни Аллаһқа ортақ қосқан болып табылады. Аллаһқа ортақ қосқан адамдардың Аллаһ Тағала еш бір амалын қабылдамайды. Амалдардың қабыл болуының ең басты шарты - жасалған амалдардың тек қана Аллаһ Тағалаға арналуы. Аллаһ Тағала өзінің Кітабында былай дейді: **«(Мұхаммад ρ) «Шынында, мен де сендер сияқты адаммын. Маған құдайлардың - Бір-ақ құдай екендігі уахи етілуде. Сондай-ақ, кім Раббына жолығуды үміт етсе, сонда түзу іс істеп, Раббына істеген құлшылығында Оған ешкімді ортақ етпесін» де.»**[6]

Аллаһқа серік қосу - кешірілмейтін күнә. Бұған дәлел Аллаһ Тағаланың Құранда айтқан сөздері: **«Аллаһ өзіне ортақ қосуды жарылқамайды (яғни кешірмейді), бұдан өзге қалаған кісісін жарылқайды. Сондай-ақ кім Аллаһқа ортақ қосса, расында, жала қойып зор күнәлі болады.»**[7]

Аллаһқа серік қосушылар Жәннәтқа кірмейді, олардың баратын жері Тозақ. Бұл туралы Аллаһ Тағала «аль-Маида» сүресінде былай деді: **« ... Өйткені, кім Аллаһқа ортақ қосса, расында Аллаһ оған Жәннәтті харам етеді. Оның орны тозақ оты, сондай-ақ залымдар үшін жәрдемші жоқ.»**[8]

Аллаһқа ортақ қосудың түрлері.

[6] «аль- Қаһф» сүресі 110 аят
[7] «аль-Нисаа» сүресі 48 аят
[8] «аль-Маида» сүресі, 72 аят

Аллаһқа ортақ қосудың екі түрі болады: **үлкен ширк** және **кіші ширк**.
Үлкен ширк пен кіші ширктің айырмашылығы:

Үлкен ширк - адамды дінінен шығарады, ал кіші ширк үлкен күнәлардің бірі болып, оны жасаған адам діннен шықпайды, бірақ иманы да толық болмайды.

Үлкен ширк жасаған адам, өлгенінше тәубеге келіп, Аллаһ Тағала оны Өзінің мейірімімен кешірмесе, олар Жәннәтқа кірмейді, олардың баратын жерлері - мәңгілік тозақ. Ал, кіші ширк иелерін Аллаһ Тағала тәубесіз де кешіруі мүмкін, олар тозаққа түссе де, онда мәңгілік болмайды.

Үлкен ширк - бүкіл жасалған амалдарды күйдіреді. Мысалы, үлкен ширк жасаған адамның оразасы, намазы және басқа бүкіл жасаған жақсылықтарын Аллаһ қабыл етпейді. Ал кіші ширк жасаған адамның, тек қана сол ширк араластырған амалы ғана қабыл емес. Мысалы, адамдарға мақтанып оқыған намазы немесе атақ үшін жасаған қажылығы т.б. осы сияқты амалдары. Ол адамдарға соңынан толығырақ тоқталамыз.

Кейбір мұсылман ғалымдары: «Аллаһ Тағала үлкен ширк иелерін де, кіші ширк иелерін де, адам баласы тәубеге келмей кешірмейді», - дейді. Әрине, бәрін білуші - Бір Аллаһ. Шын мәнінде, үлкен ширк пен кіші ширктің арасындағы айырманың жіңішкелігі сондай, көп жағдайда кіші ширк, сол амалды жасап жатқан адамның ниетіне, айтқан сөзіне және іс-қимылына қарай үлкен ширк қатарына өтіп кетуі мүмкін. Құрметті қауым, Аллаһ Тағаланың қаһарына ілінбес үшін, ширктің екі түрінен де сақтануымыз керек.

ҮЛКЕН ШИРК
Үлкен ширктің өзін кейбір ғалымдар «айқын» және «жасырын» деп екіге бөледі:

Айқын үлкен ширкке - Аллаһ Тағаламен қатар басқа Құдайға, не болмаса құдайларға құлшылық ету жатады. Бұл жағдайда Құдай ретінде минерал, ай, күн, не болмаса сиыр, бұқа сияқты жануарлар және адамдар болуы мүмкін. Мысалы, Перғауын өзін «құдаймын» деп жариялап, оған сеніп құлшылық етушілер табылған. Және де Буддаға, Мариям ұлы Исаға не болмаса көзге көрінбейтін жындарға, шайтандарға, періштелерге құлшылық ету осыған жатады.

Жасырын үлкен ширк - бұл аруақтардан қажетін сұрау не болмаса жәрдем сұрау. Бұл жағдайда Аллаһтан басқа ешкімнің қолынан келмейтін - аурудан сауығу, дұшпандардан қорғау, не болмаса бір қайғыдан құтылу сияқты жәрдемді аруақтардан, яғни өліктерден, не болмаса солар жерленген жерге барып сұрау жатады. Бұған өзіміздің арамызда көп тараған Түркістанға барып Ахмед Яссауидың аруағынан, Баба түкті шашты азиздің аруағынан, Байдібек атаның аруағынан, Домалақ ананың, Аиша бибінің және толып жатқан осылар сияқты атағы кеңге тараған кісілердің әруағынан, анығын айтқанда, мәйіттерден жәрдем сұрау жатады. Бұлардың ширк келтірудегі жасырын болуының себебі мынада:

1. Аруақтардан қажетін сұрауды, олардан көмек сұрауды адамдардың көбі «құлшылық ету» деп ойламайды. Олардың ойынша: «құлшылық ету - еңкеюде, тізе бүгуде және маңдайын жерге тигізуде». Шын мәнінде, олардан көмек, жәрдем және т.б. сұрау - құлшылыққа жатады.
2. Олар: «Біз аруақтардан қажетімізді, керегімізді сұрағанда оларды әсте «біздің Құдайымыз, не болмаса Иеміз» деп ойламаймыз, олар бізді Аллаһпен жақындастыратын байланысшымыз, біздің сұрауымызды Аллаһқа жеткізушіміз», - дейді. Олардың бұл айтқандары, әрине, олардың Аллаһ Тағаланың Құдіретін білмегендігінен келіп шығады. Олар бәлкім Аллаһ Тағаланы бір мекеменің

бастығы сияқты көреді. Басшыға кіру үшін, не болмаса онымен сұхбаттасу ушін оның хатшысы арқылы байланысу керек. Олар да Аллаһқа жақындау үшін, араға хатшы ретінде аруақты салады. Олардың бұл амалы Құранда «аз-Зумар» сүресінің 3 аятында айтылғандай, кәпірлердің өздерінің тас құдайлары пұттарға: **« ... біз бұларға, Аллаһқа жақындастырсын деп ғана табынамыз»**, - дегені секілді. Шын мәнінде, Аллаһ Тағаланың есігі әркімге кез келген уақытта ашық. Оның есігінің алдында не хатшы, не күзетші жоқ. Аллаһ Тағала өзінің кітабы Құранда Пайғамбарына, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дейді**: «Егер құлдарым Мен туралы сенен сұраса: «Өте жақынмын, қашан Менен тілесе, тілеушінің тілегін қабыл етемін. Ендеше, олар да әміріміді қабыл етсін (яғни орындасын) және Маған сенсін. Әрине, тура жол тапқан болар еді»**[9]

Аллаһтан басқаға құрбандық шалу - бұл да адамдардың көбіне жасырын болған ортақ қосудың, яғни үлкен ширктің бір түрі болып табылады. Бұлай дейтін себебіміз, құрбан шалуды адамдар «құлшылық ету» деп ойламайды. Шындығында, құрбандық шалу - діни амалдардың бірі болып табылады. Құлшылықты Аллаһтан басқа біреуге арнау - ширк. Құрбан шалу туралы Аллаһ Тағала Құранда «Кәусар» сүресінде былай дейді: **«Сондықтан Раббың үшін намаз оқы, құрбан шал».**

Біздің арамызда бұл ширк кеңінен тараған. Оған мазарлардың басында аруақтарға арнап мал шалу жатады.

Үкім етуде Аллаһқа ортақтасу - бұл да адамдардың көбіне жасырын болған Аллаһқа ортақ қосудың, яғни үлкен ширктің бір түрі болып табылады. Ол дегеніміз, Аллаһтың рұқсат деген нәрсесіне тыйым салу және тыйым салған нәрсесіне рұқсат беру, яғни Аллаһ Тағаланың харам (арам) дегенін хәләл (адал) деу, ал хәләл дегенін харам деу. Бүкіл діни амалдарда, ол мейлін құлшылық етуде болсын, адамдардың қарым-қатынасында болсын, және де басқа істерінде болсын Аллаһ Тағала ғана үкім бере алады. Аллаһ Тағала үкім беруде Өзінен басқа біреуді басшылыққа алудың қате екенін Құранда ескертті: **«Немесе дін тұрғысынан Аллаһ бұйырмаған нәрсені оларға шариғат қылатын ортақтары бар ма? ... »**[10]

Аллаһ Тағала айтты: **«Олар[11] ғалымдары мен машайықтарын[12] және Мариям ұлы Исаны Аллаһтан өзге құдай қылып алды. Негізінде олар бір Құдайға ғана құлшылық қылуға бұйырылған болатын. Өйткені, Одан басқа ешбір Құдай жоқ. Ол - олардың (қосқан) серігінен пәк.»**[13]

Осы айтылған аятты Пайғамбарымыз, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұрын христиан болған, Ислам дінін қабылдап жатқан Адий ибн Хатим ат-Тайға, ол кісіге Аллаһ разы болсын, оқығанда, Адий: «Олар (яғни христиандар мен яхудилер) оларға (монахтарына) құлшылық етпейді (ғой)», - дегенде, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Жоқ ... Олар рұқсат етілген нәрселерге тыйым салған және тыйым салынған нәрселерді рұқсат берген, ал олар болса олардың артынан ерген[14] – мінеки, бұл құлшылық ету болып табылады», - деп жауап берген.

Дуалау, сиқырлау - бұл да адамдардың көбіне жасырын болған Аллаһқа ортақ қосудың, яғни үлкен ширктің бір түрі болып табылады. Дуалау мен сиқырлау түр-түрлері болады. Мысалы, түйіншектерде дуа оқып үрлеу, не болмаса инеге дуа оқып үрлеп оны біреудің үйіне, сол үйде ұрыс-жанжал болсын деген ниетпен алып барып қыстыру. Дуа

---

[9] «Бақара» сүресі, 186 аят
[10] «Шура» суресі, 21 аят
[11] Яхуди мен христиандар.
[12] Монахтарын.
[13] «ат-Тауба» сүресі, 31 аят
[14] Яғни, айтқандарын орындаған.

жасағанда қандай ниетпен жасалса да ол харам. Неге десеңіз сиқырлаушы және дуалаушы жыншайтанның көмегімен, солардан сұрап өздерінің істерін істейді. Ал Аллаһтан басқа біреуден сұрау - ол ширк.

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Кім түйіншек түйіп оған үрлесе, ол сиқыр жасады (дуалады). Кім сиқыр жасаса, ол Аллаһқа ортақ қосты», - деген. Құранда да, Мұсаның сөзімен былай делінеді: « **... сиқыршы қайда барса да құтылмайды».**[15] **« ... Мұса айтты: «Бұл келтіргендерің – сиқыр; күдіксіз, Аллаһ оны бұзады. Расында, Аллаһ бұзақылардың ісін жөндемейді», - деді».**[16]

Сиқырлау, дуалау - Аллаһқа ортақ қосу болғандықтан, сол сиқырды және д~уаны жасаушы бақсыларға, Тәуіптерге сеніп, олардың қызметін пайдалануға болмайды. Егер олардың қызметін пайдалансаңыз, онда олардың күнәсіна ортақтасасыз. Пайғамбар айтқан: «Үш кісі жәннәтқа кірмейді: маскүнем, кім сиқырға сенсе, кім туысымен қатынасын үзіп, олармен араласпаса».[17]

Жұлдыздармен жору - астрология - бұл да адамдардың көбіне жасырын болған Аллаһқа ортақ қосудың, яғни үлкен ширктің бір түрі болып табылады. Аллаһқа ортақ қосудың бұл түрімен айналысатындар, жұлдыздарға қарап болашақта не болатынын болжаймыз дейді. Олар: «жұлдыздардың адамдарға, мемлекеттерге әсері бар» дейді және «әр кімнің туған күніне , айына, жылына байланысты өзінің әсер ететін жұлдызы бар, сол жұлдыздардың қозғалуына байланысты, адамдардың тағдырына әсері бар» дейді. Қазіргі кезде көп таралған бірі «егіздер» жұлдыз тобына жатса, басқасы «арыстан» не «балық» сияқты т.б. жұлдыз тобына жатып сол арқылы адамның мінез құлқын танып, не болашақта не болатынын болжап, не болмаса оған қандай жұлдыз тобында туылған жолдас керек екенін айтып, сол шайтанның ойлап тапқан астрологиясын басшылыққа алып жатады. Әрине бұл Ислам дінінде тыйым салынған, харам істер болып табылады. Неге десеңіз, болашақтың және тағдырдың Иесі Аллаһ қана. Адамға мінез-құлық берген де Аллаһ қана. Жұлдызшылар Аллаһқа ғана тән қасиетті жұлдыздарға беріп, Аллаһқа ортақ қосады. Шын мәнінде, жұлдыздар - Аллаһтың жаратқан жаратылыстары ғана, олардың адамның бақытына, не болмаса денсаулығына еш әсері жоқ. Кімде-кім оған сенетін болса, демек ол ширк жасады деген сөз. Аллаһ бәрімізді шайтанның азғыруынан сақтасын. Осының бәрін адамдарға әдемі әрі қызық етіп көрсететін шайтан емес пе?

Пайғамабар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Кім жұлдыздардан алса, сол сиқырдан алды», - деген.[18]

Бұл хадис әрине жұлдыздарды және олардың орны мен қозғалыстарын зерттейтін - астрономия ғылымы туралы айтылып жатқан жоқ. Бұл хадис, жұлдыздармен бал ашатын, кәпірлердің айналысатын, астрологиясы жайлы болып тұр.

Балгерлік пен көріпкелдік - бұл дана адамдардың көбіне жасырын болған, Аллаһқа ортақ қосудың, яғни үлкен ширктің бір түрі болап табылады. Балгер - ол бал ашу құралдарымен (карта, құмалақ және т.б.) болашақта не болатынын, не болмаса не ойластырылып жатқанын айтушы. Көріп кел - ол адамдардан тыс, не болмаса адам көрмейтін, не адамдардың ол жайлы хабары жоқ істерді айтушы. Ғайыпты білеміз деушілердің бәрі Аллаһқа ортақ қосушылар. Ғайыпты білуші тек қана Аллаһ Тағала. Аллаһтың Өзіне ғана тән қасиетін басқа біреуде бар деу - ол Аллаһтың Жалғыздығына күмән келтірген, яғни ширк еткен болып саналады. Бұның бәріне дәлел төменде келтірілген хадистер мен Құран аяттары:

[15] «Та-ха» сүресі, 69 аят
[16] «Юнус» сүресі, 81 аят
[17] Ахмад нбн Ханбал.
[18] Абу Дауд риуаяты бойынша .

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Кім көріпкелдің алдына барып, одан бір нәрсе сұраса және оның айтқанына сенсе, онда оның намазы қырық күнге дейін қабыл болмайды», - деген.[19]

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Кім балгердің алдына барып, оның айтқанына сенсе, ол адам Мұхаммедке жіберілгенге сенбегені», - деген.[20]

Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жіберілгендердің бірі ол ғайыпты Аллаһтан басқа ешкім білмейтіндігі. Аллаһ Тағала өзінің Кітабында былай деді: **«Көктер мен жердегі көместі (ғайыпты) Аллаһтан басқа ешкім білмейді... »**[21] **«Көместің (ғайыптың) кілттері - Оның жанында. Оны Ол өзі ғана біледі ... »**[22]

Аллаһ Тағаладан басқаға нәзір атау - бұл да адамдардың көбіне жасырын болған Аллаһқа ортақ қосудың, яғни үлкен ширктің бір түрі болып табылады. Нәзір атау дегеніміз, ол Мысалы, мейлі ол малдай болсын біреуге атау. Шын мәнінде, нәзірді тек қана Аллаһқа ғана атауға болады. Мысалы, Аллаһ Тағала өзінің Кітабында, Имранның жұбайының былай деп нәзір еткенін айтады: **« ... Раббым ішімдегіні азат қылған түрде Саған арнадым. Менен қабыл айла! Расында Сен Естуші, Білушісің ... »**[23]

Харам етілген нәзір - Аллаһтан басқа біреудің атын атап берілген нәзір. Мысалы, егер адам ауырып, не болмаса бір затын жоғалтып мазарға (молаға) келіп: «Иә менің ием, пәленше[24], егер Аллаһ менің жоғалтқанымды тауып берсе, не мен жазылсам, онда мен осынша алтын, не ақша, не ет сен үшін беремін», - деу жатады.

Ағаштардан, тастардан және т.б. секілді заттардан рахым күту - бұл да адамдардың көбіне жасырын болған Аллаһқа ортақ қосудың, яғни үлкен ширктің бір түрі болып табылады. Бұл бір талдың, ағаштың, не тастың киесі бар, не бір қасиеті бар, деп соларды ұстаған адамға жақсылық болады, не жолы ашылады, деп сену жатады. Аби Уакид аль-Ләйси, ол кісіге Аллаһ разы болсын, ат- Тирмизидің жеткізуі мен былай дейді: «Біздің исламды жаңадан қабылдаған уақытымыз болатын. Біз Пайғамбармен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Хунейінге сапарға шыққанбыз. Кәпірлердің бір қастерлейтін ағашы болатын. Олар оған өздерінің каруларын іліп одан рахым күтетін. Оны өздері: «Зату Ануат», деп айтатын. Біз бір ағаштың жанынан өтіп бара жатып Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Иә Аллаһтың елшісі, бізге де Зату Ануат жасап бер» деп сұрадық. Сонда Аллаһтын елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Аллаһ Ұлы! Мінеки өмірдің заңы! Сендер Исраил ұрпақтарының Мұсаға айтқан сөздерін айттыңдар: **« ... әй Мұса!: «Бұлардың құдайларына ұқсаған бізге құдай жаса»,- деді. Ол: «Шынында, сендер білмейтін елсіңдер», - деді ... »**[25]

Бұдан Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, олардың ағашқа каруларын іліп, ол ағаштан береке іздемекші болған ниетіне қатаң зекіп тастағанын көреміз.

Омардың, ол кісіге Аллаһ разы болсын, халифалығы уақытында, оған сахабалардың Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ант берген ағашының жанына адамдар келіп, намаз оқитынын естігенде, мұсылмандардың бұл ісі жамандыққа апаратынынан қорқып, ол ағашты кестіруге әмір беріп, адам жібереді.[26]

---

[19] Муслим риуаяты бойынша.

[20] Абу Дауід риуаяты бойынша.

[21] «ан-Намль» сүресі, 65 аят

[22] «аль-Анғам» сүресі, 59 аят

[23] «аль-Имран» сүресі, 35 аят

[24] Бір аруақтың атын атап

[25] «аль-Ағраф» сүресі, 138 аят

[26] Бұл әңгімені жеткізуші имам ат-Тартуси.

Сонда, Омар, ол кісіге Аллаһ разы болсын, Аллаһтың Құранда атын атаған, Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабалар ант берген ағашын, ширкке апаруы мүмкін, деп кестіртсе, онда басқа жай ағаштарды қадірлеу туралы не демекпіз?

КІШІ ШИРК

Аллаһтан басқаның атымен ант беру - бұл кіші ширкке жатады. Мысалы, әке-шешенің атымен, әулиелердің атымен, нанмен не ас-тұзбен: «нан ұрсын, тұз ұрсын» деу сияқты т.б. ант берулер жатады. Пайғамбар, оған Аллаһтын игілігі мен сәлемі болсын: «Аллаһтан басқа біреумен ант берген кісі кәпірлік жасады, не Аллаһқа ортақ қосты», - деген.[27] Неге десеңіз, ант берген адам, ол ант берген затын өзіне өте қадірлі және қасиетті тұтқандықтан соның атымен ант береді. Былайша айтқанда ант беру - ант беріп жатқан затты құрметтеу, қасиеттеу, жоғарылату болып табылады. Ал, шын мәнінде, Аллаһ Тағаладан жоғары, қасиетті, құрметті ешкім жоқ. Керек десеңіз, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабасы, Ибн Масғұд, ол кісіге Аллаһ разы болсын: «Мен үшін шын айтып басқаның атымен ант бергеннен - өтірік айтып Аллаһтың атымен ант берген артық», - деген. Қараңыз, Аллаһтың атымен өтірік айтқан қандай үлкен күнә болса, ал ширк келтіру одан да асқан күнә. Егер тәубеге келіп Аллаһ Тағала өзінің рахымымен кешірмесе тозаққа апаратын күнә болып табылады. Сахаба ғалымдардың ойы бойынша: кіші ширк - басқа (ширк емес, кәпір емес, нифақ емес) үлкен күнәләрдің бәрінен жоғары болып табылады.

Емделу және көзден сақтау ниетімен білезік не жіп тағу - кіші ширк амалдары қатарына жатады. Шөл қандыру ниетімен су ішу, денсаулығын емдеу ниетімен дәрі ішу секілді, ақылға қонымды,табиғи нәрселерге ешкім қарсы келмейді. Аллаһ Тағаланың заңдастырған табиғи істері, Аллаһтың Жалғыздығы сеніміне қайшы келмейді. Ал енді емге, көзге еш қатысы жоқ білезік не жіп таққаннан адам баласы сауықпайды, неге десеңіз ауруды жіберуші де оны емдеуші де Жалғыз Аллаһ Тағала. Имам Ахмадтың риуаяты бойынша Умран ибн Хусейн, ол кісіге Аллаһ разы болсын, бір ер кісінің қолындағы білезікті көріп: «Бұл мыстан жасалған секілді», - деді де: «Қайғы саған! Бұл не?», - деп сұрады. Ол кісі: «Бұл мені әлсіздіктен сақтайды»,- деді. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Оған: «Бұл сені әлсіреткеннен басқа ештеңе істемейді. Шеш оны. Егер сен сонымен өлсең, онда ешқашан жақсылық көрмейсің[28]», - деді.

Бірде Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Сахабасы, Хузейфа бин аль-Яман, ол кісіге Аллаһ разы болсын, бір аурудың көңілін сұрап барғанда оның білегіндегі ыстығын басу үшін таққан жібін жұлып алып мына аятты оқыды: **«Олардың көбі Аллаһқа иман келтірмейді. Сондай-ақ, олар ортақ қосады.»[29]**

Егер адам баласы сол білезікті, жіпті «оның күші жоқ ол жай ғана себепші; көзден, аурудан сақтайды; шын мәнінде, бәрі - Аллаһтың қолында» дейтін болса, бұл жағдайда ол іс кіші ширк қатарында болады. Ал егер адам «осы білезік пен жіптердің өзіндік күші бар» десе, онда ол үлкен ширк қатарына кіреді. Неге десеңіз, бүкіл «сауықтырушы, күш беруші т.б. осы сияқты қасиеттерді Аллаһтан басқа біреуде бар» деп білу - Аллаһқа ортақ қосу - үлкен ширк болып табылады.

---

[27] ат-Тирмизи риуаяты бойынша

[28] Яғни, жәннәт көрмейсің.

[29] «Юсуф» сүресі, 106 аят

Көз моншақ және тұмар тағу - кіші ширк амалдары қатарына жатады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Кімде-кім тұмар және көз моншақ тағып, оны өзіне жақсылық әкеледі, не бәле-жаладан сақтайды, деп жүрегімен сенсе, онда Аллаһ, ол адамға қорғанын бермейді. Кім ұлу тас іліп, ол мені көзден сақтайды деп жүрегімен сенсе - Аллаһ оны қорғамайды», - деп айтқан.[30] Және бір хадистерде Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Кім көз моншақ және тұмар ілсе ол Аллаһқа ортақ қосты», - деген сөздері келтіріледі. Бұның Аллаһқа ортақ қосу болып табылатын себебі, бұл амалда Аллаһтан басқа, бөлек біреуден (сол тұмардан, не тастан) жамандықтан сақтау жайлы өтініш, сұраныш болып тұр. Аллаһ Тағала айтты емес пе: **«Аллаһ егер саған бір зиян келтірсе, сонда оны Өзінен басқа еш айықтырушы жоқ. Ал егер саған бір игілік тигізсе, Оның - әр нәрсеге толық күші жетуші.»[31]** Бұл ортақ қосудың түрі жоғарыда білезік пен жіп туралы айтып кеткендей ниетіне қарай кіші ширк те үлкен ширк те болуы мүмкін.

Ал енді біздің арамыздағы үлкен мәселелердің бірі, Құран аяттары жазылған тұмарларды тағуға болады ма? Бұл сұрақта Пайғамбардан, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кейінгі алғашқы мұсылмандар, ізбасарлар арасында-ақ, сондай-ақ қазіргі кездегі ғалымдардың арасында да түрлі көзқарастар бар: бірі «рұқсат» деп тапса, ал екіншісі «рұқсат емес» деп санаған. «Рұқсат емес» деп санағандардың ойынша тұмар тағуға тыйым, Құран аяттары түрінде болса да, бәріне тиісті. Бұған дәлел ретінде олар былай дейді:

1) Тұмар тағуға тыйым, барлық тұмарларға жалпылама, оның ішінде еш бір тұмар дараланбаған.

2) Егер Құран аяттары жазылған тұмарларды тағуға рұқсат берілсе, онда бүкіл тұмарларға рұқсат беру жолы ашылады. Ал зұлымдық жолы бір ашылса, оны жабу өте қиын болады.

3) Егер Құран аяттары жазылған тұмарды адам тағып жүрсе, онда Құран аяттары, тұмар тағып жүрген адамдармен бірге лас (дәретхана, монша секілді) жерлерде болады, ал бұған рұқсат жоқ.

4) Құран аяттарын тұмар етіп тағу - бұл Құранды толық бағаламағандық және Құранның мағынасына қарсы келу болып табылады. Неге десеңіз, Құранды Аллаһ Тағала бізге тұмар ретінде тағып жүру үшін емес, оны бүкіл адамзатқа тура жол ретінде, ақ пен қараны айыратын басшылық ретінде жіберді.

Үшкіру, Ұшықтау, аластау - бұл да кіші ширк амалдары қатарына жатады. Бұған сіріңкені жағып не болмаса басқа бір затты жағып адамның басын айналдырып «ұшық, ұшық», - деу, немесе түсініксіз бір нәрселерді айтып адамды сумен, не болмаса басқамен үшкірі және үйдің түкпір-түкпірін отпен аластау жатады. Бұл амалдарды жасағанда, оны бір аурудан сауығу үшін, не болмаса бір пәлені кетіру үшін, не болмаса көз тимес үшін жасайды. Бұл амалдарды жасағанда олар аруақтардың атын атап, не болмаса жын-шайтандардың атын атап жатса, онда бұл амал үлкен ширк қатарына өтіп кетеді. Әрине, бұл амалдардың бәрі - Аллаһқа ортақ қосу болып табылады.

Бірде сахабалардың бірі Абдуллаһ ибн Масғұд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, өзінің әйелінің мойнынан бір жіпті көріп, неғылған жіп екенін сұрады. Әйелі: «Бұл жіпке аурулардан қорғау үшін үшкіріп берген», деді. Сонда ол әйелінің мойнынан жібін жұлып алып: «Абдуллаһтың жанұясы Аллаһқа ортақ қосудан аулақ, мен Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Көз моншақ, тұмар, үшкіру, дуалау Аллаһқа ортақ қосу болып табылады»»,- дегенін естігенмін», - деді. Абдуллаһ

---

[30] Имам Ахмад Окба ибн Амир арқылы риуаят еткен.

[31] «аль-Анғам» сүресі, 17 аят

бұған былай деп жауап берді: «Бұл шайтаннан, ол қолымен сенің көзіңді ұстағанда сенің көзің тартылып, ал яхуди саған үшкіргенде шайтан қолын босатады. Сен Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтқан мына дұғаны айтсаң: «Уа, адамдардың Раббы, Аллаһ! Кеселден құтқарып сауықтыр, Сен сауықтырушысың, Сенің еміңнен жақсы ем жоқ. Кеселдің ізі де қалмайтындай етіп емде», - десең, сен үшін осы жеткілікті болар еді», - дейді.

Бұл ортақ қосудың түрі жоғарыда білезік пен жіп туралы айтып кеткендей, ниетіне қарай кіші ширк те үлкен ширк те болуы мүмкін.

Біз мұны мұсылмандардың Құран оқып дем салуымен шатастырмауымыз керек. Дем салуды ислам ғалымдары төмендегі үш жағдай орындағанда рұқсат берген:

Біріншіден, дем салғанда Құран аяттарының оқылуы.

Екіншіден, Құран аяттарының араб тілінде оқылуы.

Үшіншіден, дем өзінен өзі әсер етпейтінін, тек қана Аллаһтың қалауымен ғана әсер ететінін білу керек.

Дем салу - ол Аллаһтан сұрау, дұғаның бір түрі ретінде жасалады. Ал Аллаһтан сұраудың сауапты іс екенін, ғибадаттың бір түрі екенін Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көп хадистерінен білеміз.

Ырым (түңілу) - бұл кіші ширк. Бұның мағынасы: кейбір көрінген заттарды, естілген дыбыстарды және сол сияқтыларды жамандыққа жору жатады. Егер адам бір іс істейін деп жатқанда, оны ырым сол ісінен қайтарса, онда ол ширкке кірді деген сөз. Мысалы, алдынан мысық кесіп өтіп ол сол жолдан қайтса - бұл Аллаһқа серік қосқан болады. Неге десеңіз, ол Аллаһқа шын көңілмен бой ұсынбайды. Барлық жақсылықты мен жамандықты жіберуші - Аллаһ емес пе? Ал, ол болса мысыққа сенеді. Сонда ол мысықты Аллаһқа серік етсе, онда бұл амал - үлкен ширк қатарына кіріп кетеді. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Кімді ырым райынан қайтарса, оның Аллаһқа ортақ қосқаны», - деген. Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: Бұның күнәсін қалай өтеуге болады?», - деп сұрағанда, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Я, Аллаһ! Сенің жақсылығыңнан басқа жақсылық жоқ және Сенің ырымыңнан басқа ырым жоқ және Сенен басқа құдай жоқ», - деп айту», - деген.

Егер адам ырымды көріп, ішкі жан-дүниесі қобалжып, бәлкім қорқып, бірақ Аллаһқа тәуекел етіп алған бетінен қайтпаса, онда оның қобалжығанынан, не қорыққанынан оның иманына келіп-кетер зияны жоқ. Аллаһ Тағала өзінің Кітабында былай деді: **« ... Ал кім Аллаһқа тәуекел қылса, сонда Ол оған жетіп асады ... »**[32]

Ал енді ырымға қарсы - жақсылыққа болжау рұқсат етілген. Бұл бір болған жағдайлардан бір нәрсені көріп, не істеп оны жақсылыққа жару жатады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жақсылыққа болжауды жақсы көрген. Бір хадистерде, «Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Мен жақсылыққа болжауды жақсы көремін»», - деген сөзіне: «Жақсылыққа болжау дегеніміз не?»», - деп сұрағанда: «Ол - жылы сөз»», - деп жауап берген.

Жақсылыққа болжауға мысал келтірсек, ол ауырып жатқан адамның «Сен сауығыпсың»», - деген сөз естіп, ол сөзді: «Мен жақында сауығады екенмін, деп жақсылыққа болжауы жатады.

Көрер-көзге істеу - бұл кіші ширк. Абу Сағид, ол кісіге Аллаһ разы болсын, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келесі сөздерін жеткізген: «Мен үшін сендерге Масих Дажжалдан да қорқыныштысын айтайын ба?» Адамдар:

[32] «ат- Таляқ»» сүресі, 3 аят

«Айт, иә Аллаһтың елшісі», деді. Ол: «Бұл - жасырын ширк: адам басқа адамдардың қарап тұрғанынан намазын әдемілеуі», - деді»[33]

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтты емес пе: «Әр істің ниетмен байланысы бар. Адамға істеген ісінің ниетіне қарай сауабы беріледі ... »,- деп. Көрер-көзге орындаған діни амалдың ниеті мақтану болып табылады. Сондықтан, ол амалдан адамға сауаб жазылмайды сауаб жазылмақ түгіл ол үлкен күнәлардің бірі, ширкке кіреді. Оның ширк болу себебі құлшылық тек қана Аллаһқа арналады. Ғибадатқа адамдардың алдында мақтану қосылмау керек. Ал бұдан басқа жағдай, егер бір адамды жасаған ғибадаты үшін басқа біреу мақтаса, ал ол ғибадатты адам тек қана Аллаһ ризашылығы үшін орындаған болса, онда біреудің мақтағанына ол адамның иманына келіп-кетер қатер жоқ. Абу Зарр, ол кісіге Аллаһ разы болсын, мынандай хадис жеткізеді: «Бірде Пайғамбардан, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жақсылық істейтін әрі оны басқалар мақтайтын адам туралы сұрағанда, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Бұл - тезінен келген қуаныш», - деп жауап берген».[34]

Мәңгілік өмірге арналған амалдарды осы дүние (пайдасы) үшін жасау - кіші ширк болып табылады. Аллаһ Тағала Өзінің Кітабында былай дейді: **«Кім дүние тіршілігін әрі оның зейнетін қаласа, дүниеде олардың еңбектерін толық береміз; сондай-ақ олар онда (осы дүниеде) кемшілікке ұшыратылмайды. Оларға Ақіретте тозақ отынан басқа еш нәрсе жоқ. Дүниедегі жасағандары жойылып кетті. Негізінде, олардың істегендері – босқа (кетті).»[35]**

Діни амалдарды, осы дүниенің рахаты үшін істеу - «Аллаһтың Жалғыздығы» сеніміне қайшы келеді, демек оның осы ниеті араласқан бүкіл сауабты істерін Аллаһ алдында жоққа шығарады. Бұл көрер-көзге істеуден де жаман. Неге десеңіз адам мақтан үшін бір рет не екі рет ары кетсе адамдар қарап тұрған кезде ғана жасайды, ал діни амалдарды осы дүние қызығы үшін жасайтын адамның ниеті - мәңгі болмаса да ұзаққа созылады. Негізінде, біз бұл екеуінен де алыс болып, сақтануымыз керек.

Абу Хурайраның, ол кісіге Аллаһ разы болсын, жеткізуімен, ол мынандай хадис келтіреді: «Мен сендерге осы үйде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, екеуімізден басқа ешкім болмағанда маған Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтып берген хадисін айтамын», - деп тұрғанда кенеттен есінен танып құлады. Есін жиысымен тағы сол сөздерін қайталады да, тағы да ет бетінен орылып түскендей құлады. Осылай бірнеше рет қайталанды[36]. Дегенмен, сосын өз-өзіне келіп былай деді:

«Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған мынаны айтып берді: «Ақірет күні бүкіл қауым тізерлеп тұрғанда Жоғары Мәртебелі Аллаһ Тағала өзінің құлдарына Сот жүргізу үшін түседі. Ен бірінші Оның шақырған адамдары, Құранда басынан аяғына дейін жаттаған, Аллаһ Тағала Құранда жатқа білгеннен: «Мен сені Өзімнің Пайғамбарыма түсіргенге үйретпедім бе?» - дейді. Ол:«Иә Раббым!», - деп жауап бередеі. Аллаһ: «Сен сол Мен үйреткенмен не істедің», - деп сұрайды. Адам: «Мен күнімен-түнімен намаз оқыдым» - деп жауап береді. Сонда Аллаһ: «Сен өтірік айтасың!», дейді. Періштелер де оған: «Сен өтірік айтасың!», - дейді. Аллаһ оған: «Сен: «Пәленше, қари», - деп айтсын дедің? - бұл сөз (өміріңде) айтылды[37]», - дейді.

---

[33] имам Ахмад риуаяты бойынша

[34] Муслим риуаяты бойынша.

[35] «Һұд» сүресі, 15-16 аяттар

[36] Оның құлау себебі айтайын деген хадисінің ауырлығынан қобалжығаны болса керек, - ред.

[37] Яғни, қалағаныңды алдың.

Сосын көп дүниесі болғанды алып келеді де Аллаһ одан: «Мен сенің байлығыңды ештеңеге мұқтаж болағаныңша көбейтпедім бе?», - дейді. Ол: «Иә Раббым!». - деп жауап береді. Аллаһ: «Сен сол берген несібеммен не істедің?», - деп сұрайды. Адам: «Мен туыстық қарым-қатынасты ұстандым және садақа бердім», - деп жауап береді. Сонда Аллаһ: «Сен өтірік айтасың!», - дейді. Періштелер де оған: «Сен өтірік айтасың!» - дейді. Аллаһ оған: «Сен Пәленше жомарт», - деп айтсын дедің? - бұл сөз айтылды[38]», - дейді.

Сосын Аллаһ жолында өлгенді (шахидті) әкелдіріп, Аллаһ одан: «Сен не үшін өлдің?», - деп сұрайды. Ол: «Маған Сенің жолыңда соғыс, деп әмір берілді, мен өлгенімше соғыстым», - деп жауап береді. Сонда Аллаһ: «Сен өтірік айтасың!», - дейді. Періштелер де оған: «Сен өтірік айтасың!», - дейді. Аллаһ оған: «Сен: «Пәленше батыр», - деп айтсын дедің? - бұл сөз айтылды[39]», - дейді.

Содан соң Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мені тіземнен қағып былай деді: «Иә, Абу Хурайра! Аллаһтың жаратылыстары ішінен осы үшеуімен - Ақірет күні тозақ отының жануы басталады.»

Құрамында Аллаһқа ортақ қосуы бар сөздер.

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, құрамында ширк бар сөздерді сөйлеуге және қалжыңдағанда Аллаһтың есімдерін, Құранды және Аллаһтың елшісін атауға тыйым салған.

«Аллаһтың қалағаны мен пәленшенің қалағаны», - деп айту - кіші ширк болып табылады. Құталидан, ол кісіге Аллаһ разы болсын: «Бір яһуди[40] Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келді де: «Сендер серік қосасыңдар, сендер Аллаһтың қалағаны мен сенің қалағаның, деп айтасыңдар, сондай-ақ Қағбамен ант етесіңдер», - дейді. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабаларға - ант еткісі келетіндеріне, антты былайша: «Қағбаның Құдайымен ант етемін», сондай-ақ: «Аллаһтың қалағаны, содан соң сенің қалағаның», - деп айтуларына әмір етеді»[41]

Ибн Аббастан, ол кісіге Аллаһ разы болсын: «Бір адам Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Аллаһтың қалағаны мен сенің қалағаның», - деп айтқан. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ол адамға: «Сен мені Аллаһқа ұқсас етіп алдың ба? Жалғыз Аллаһтың қалағаны болады», - деген.[42]

«Егер де» сөзі туралы. Абу Хурайрадан, ол кісіге Аллаһ разы болсын, ол Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естіген: «Өзіңе пайда беретін істе табанды болып берілме, Аллаһтан көмек сұра. Егер сен бір жағдайға тап болсаң еш уақытта: «Егер де мен осыны-осыны істесем, бұлай болмас еді ... », - деп айтушы болма. Тек қана: «Бұны Аллаһ өз қалауынша тағдыр етті», - деп айт, өйткені: «Егер де»,сөзі Шайтанның азғыруына жол ашады».[43]

Аллаһтың аттарымен, не тек қана Аллаһқа тән сипаттармен есімдеу жайлы. Құран Кәримде және көптеген хадистерде Аллаһ Тағаланың сипаттарына қарай көптеген аттары аталған. Мысалы, Рахман - Рахымды, Рахим - Мейірімді, Уаххаб - Сыйлаушы, Мужииб - Жауап беруші, сияқты т.б. есімдері бар. Аллаһ Тағалаға құрмет ретінде Аллаһтың есімдерімен ешкімге ат қоюға болмайды. Сіздер еш уақытта сәбиіңіздің атын

[38] Яғни, қалағаныңды алдың.

[39] Яғни, қалағаныңды алдың.

[40] Иудей

[41] ан-Насан риуаяты бойынша.

[42] Ан-Насаи риуаяты бойынша.

[43] Муслим риуаяты бойынша.

«Аллаһ», деп қоймайсыз ғой, сол сияқты Аллаһ Тағаланың басқа есімдерімен біреуге ат қоюға болмайды. Ал Аллаһтың есімдеріне «абд» деп, яғни құлы деп қосып есімдеу абзал саналады. Мысалы, АбдуЛлаһ - Аллаһтың құлы, АбдурРахман - Рахымдының құлы, АбдурРахим - Мейірімдінің құлы, АбдурРазақ- Ризық берушінің құлы сияқты т.б. есімдер. Бұл жөнінде Абу Шурейх, ол кісіге Аллаһ разы болсын, былай дейді: «Бұрын менің есімім аль-Хакам (яғни Аллаһтың - «Үкім шығарушы», деген аты) болатын. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Аль Хакам - ол Аллаһ және Үкім шығару Оның қолында.» - дейді. Сосын Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мені тұңғыш ұлымның есімімен атады, ягни абу Шурейх- Шурейхтың әкесі деп».[44]

Адамды Аллаһтан басқаның құлы деп есімдеу жайлы. Мысалы, Абдуррасуль - елшінің құлы, Абдульқааб - қағбаның құлы, не болмаса АбдульМасих - Исаның құлы деген сияқты Аллаһтан өзге басқалардың құлы деп атауға болмайды. Біз сен кімнің құлысың дегенде, Аллаһтың құлымын демейміз бе.

Уақытты (Заманды) сөгу (яғни ұрысу) - ол Аллаһ тарапына ренжу, ашулану болып табылады. Неге десеңіз, Аллаһ бәрінің қожасы емес пе, Ол күнді түнмен және түнді күнмен ауыстырмайды ма? Ал Оның ісіне кім сөкпек тұрмақ ренжуі мүмкін? Және бір хадистерде Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі: «Аллаһ Тағала: «Адам баласы заманды сөгіп, Мені ренжітеді, ал Мен заманмын, күн мен түнді ауыстырамын». Бұған: «Қазір заман жаман», «Уақыт өзгеріп кетті» деген сияқты т.б. сөздер жатады.

Желді және ауа-райын сөгу жайлы. Убай ибн Қааб Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естіген: «Желді сөқпеңдер. Егер одан ұнамайтын бір нәрсе көрсеңдер: «Иә Аллаһ, біз өззіңнен осы желдің жақсылығын сұраймыз, және саған осы желдің жамандығынан және оған бұйырғандарының жамандығынан Өзіңе сиынамыз», - деп айтыңдар». ат-Тирмизи риуаяты бойынша. Жел дегеніміз, Аллаһтың әмір еткен және тағдыр еткен құбылыстарының бірі. Демек желді сөгу Аллаһтың әмірін сөгу болып табылады. Егер біз барлық табиғи құбылыстарды (ауа-райы, жер сілкіну және т.б.) Аллаһ жазмыш еткен нәрселер екенін айтатын болсақ, онда сөгу дұрыс болмайды, ал Аллаһ Тағала оның бәрін жақсырақ біледі.

Ислам бүкіл көпқұдайшылдыққа апаратын жолдарды жабады.

Ислам таза тек қана бір Аллаһқа құлшылық ету дінін әкелді. Және күпірліктің, Аллаһқа серік қосудың бүкіл түрімен күреседі. Көпқұдайшылдықпен, яғни Аллаһқа серік қосумен күрестің ең тиімді тәсілдерінің бірі, ол сол ширк амалдары жасалмай жатып алдын алу - соған апаратын бүкіл жолдарды жабу.

Пайғамбарды, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, дәріптеуде шектен шығу - бұл ширкке апаратын жолдардың бірі болып табылады. Омар, ол кісіге Аллаһ разы болсын, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естіген: «Христиандардың Мариямның ұлы Исаны мадақтағандай мені дәріптеуші болмаңдар, өйткені мен тек құлмын, сондықтан да: «Аллаһтың құлы және Оның елшісі» - деңдер».[45] Бұл келтірілген хадисті біз Пайғамбардың, оған Аллаһтың

[44] Абу Дауд.
[45] Муслим риуаяты бойынша.

игілігі мен сәлемі болсын, өзінің үмметіне бағыттаған ескертуі деп қана түсінуге болмайды. Бұл ескертудің мағынасы тереңде жатыр. Мұсылмандардың Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, деген терең сүйіспеншілігі мен құрмет сезімі тым шектен асып кетуінен, Аллаһқа серік қосуға, тыйым салынған нәрселерге ұрынып қалудан сақтандырады. Дәріптеудің соңы - Мариям ұлы Исаны құдай деп, немесе үшеудің бірі деп шатасқан христиандардың кебін кигізуі мүмкін.

Имам Ахмад Анастан, ол кісіге Аллаһ разы болсын, мына хадисті келтіреді: «Бір күні бір адам Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қарап: - «Иә Мұхаммад, иә біздің қожамыз және біздің қожамыздың ұлы, иә біздің арамыздағы ең жақсы және біздің арамыздағы ең жақсының ұлы!»,- дей бастағанда, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оны айтып тұрған жерінен тоқтатып: «Иә мұсылмандар, бұлай сөйлеуді тоқтатыңдар, мұндай іске сендер шайтан азғырмасын! Мен Мұхаммад Абдуллаһтың ұлы, Аллаһтың құлымын және Оның елшісімін. Аллаһтың атымен ант етемін, мен сендердің мені Құдіретті, Ұлы Аллаһтың еркімен иеленген орнымнан жоғары көтерулеріңді қаламаймын!», - деді».

Қайырымды адамдарды шектен тыс дәріптеу - бұл көпқұдайшылдыққа, яғни ширкке апаратын жол. Егер Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзін дәріптеуде астамшылық көрсетпеңдер деген болса, онда басқа адамдар жайлы ол он жерден, не жүз жерден қайырымды болса да оларды мақтауда шектен шығу нағыз ширкке апаратын жол болып табылады. Жер бетінде Аллаһтан басқаға құлшылық ету Нух қауымында қайырымды адамдарды дәріптеуден басталған. Құрандағы ол қауымның Уаад, Сууа, Яғус, Наср атты пұт құдайлары жайлы аль- Бухари Ибн Аббастан ол кісіге Аллаһ разы болсын, мынандай хадис келтіреді: «Бұл есімдер Нұх қауымының қайырымды адамдарының есімі болған. Артынан олар өлгеннен кейінгі қалған ұрпаққа шайтан: «Солардың отырған орындарына ескерткіш салыңдар және оларды сол адамдардың атымен атаңдар», - деп азғырды. Сонда олар оны істеді, бірақ сол ескерткіш орнатқандар дүниеден өтісімен-ақ, діни білімнің ұмытылуымен оларға (яғни ескерткіш тастарға) құлшылық ету басталды».

Біздің де арамызда көпқұдайшылдыққа апаратын осы жолдың көп тарағанын көріп отырмыз. Оған мысал ретінде Ахмед Яссауиді, Арыстанбаб, Бәйдібек, Домалақ ана секілді дүниеден өткен қайырымды адамдарды шектен тыс дәріптеушілерді көреміз. Сол адамдардың өлген жерлеріне мазарлар салғанда ешкім «адамдар олардан қажетін сұрайды» деп ойламады, тек қана соларға құрмет ретінде салды. Ал енді қаншама адам «әулиелердің басын аралау» деп, «олар - біз бен Аллаһтың арамыздағы байланысшымыз» деп ширкке кірсе, ал енді бірі солардан бата тілеп, не қажеттерін сұрап ширк күнәсіна батып жатқандарын көреміз. Және біздің арамызда ғана емес, бүкіл мұсылмандардың арасындағы індеттердің бірі - ұстаздарын шектен тыс дәріптеу. Олар дәріптеуде ол адамдарға, Аллаһ Тағалада ғана бар сипаттарды «оларда да бар» дейді. Мысалы: «олар ғайыпты біледі», яғни «ұстазымның көріпкелдік қасиеті бар, өзінің шәкірттерін кез-келген уақытта басқа жерде болса да көреді, олар шәкірттерін өздерінің оларға Аллаһ берген нұрымен қорғайды» немесе «біз Аллаһ Тағаладан игілікті (нұрды) тікелей ала алмаймыз, оны ұстазымыз арқылы аламыз» деген сияқты ойда болуы – осының көрінісі. Әрине, бұл үлкен ширк амалдарына жатады. Бұндай ойда болған адам Аллаһтан кешірім сұрап, енді ешқашан ол күнәні қайталамауға серт беруі керек.

Мазарларды (яғни қабірлерді) ұлықтау - бұл Аллаһқа серік қосуға апаратын жол болып табылады. Көпқұдайшылдыққа апаратын бұл адасу жолынан Ислам дініне көп қатер бар және ол бүгінгі күнде кеңінен тарап бара жатқан іс. Ислам діні мазарларды ұлықтауға жол ашатын мына төмендегі істерді істеуге рұқсат етпейді:

1. Мазарларды мешіт етуге болмайды. Муслим өзінің хадистер жинағында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жан тапсырар алдында былай дегенін келтіреді: «Сендерге дейін болғандар, өздерінің пайғамбарларының мазарын мешіт қылып алатын. Сендер олай істемеңдер. Мен оған тыйым саламын»

2. Мазарлар жаққа қарап намаз оқуға болмайды. Бұл дегеніміз: мазарды құбыла жақта жасауға болмайтындығын, яғни елді жерде зираттың құбыла бағытында болмауы керектігін білдіреді.

3. Мазарларда шырақ жағуға болмайды. Хадисте былай делінеді: «Мазарларын мешіт қылғандарға және онда шырақ ілгендерге Аллаһтың қарғысы болады!»

4. Қабірлердің үстіне бір нәрсе салуға (ескерткіш тұрғызу, күмбездеу) және оның үстін гипспен жабуға болмайды. Бұған Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, рұқсат етпеген.

5. Мазарлардағы қабірлер үстіне жазу жазуға болмайды. Жәбірдің, ол кісіге Аллаһ разы болсын, жеткізуімен: «Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қабірлерді гипспен жабуға және онда жазулар жазуға тиым салған»[46]

6. Мазарларды биіктетуге, көтеруге болмайды. Әлидің жеткізуімен: «Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оны жорыққа жіберіп жатып былай деген: «Биік қабірлерді көрсең, оны тегістемей кетпе»[47]

7. Мазарлардың басында мейрамдауға болмайды. Абу Хурайра, ол кісіге Аллаһ разы болсын, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естіген: «Үйлеріңді қабір сияқты етпеңдер[48] және менің мазарымда мейрамдамаңдар. Мен үшін дұға жасаңдар. Сендер қай жерде болсаңдар да сендердің дұғаларың маған жетеді». Бұл хадисте мазарларда мейрамдамаңдар дегенге - мазар басында жиналыстар жасау, онда жиналып отыру сияқты іс-әрекеттер жатады. Егер Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзінің қабірінің басында «мейрамдамаңдар» десе, онда басқа қабірлерде тыйым бірнеше есе өседі.

Бұған мысал ретінде әулие, қадірлі адамдардың басына құрылыс жасау, күмбездер жасау - солардың басына барып сиынуға әкеліп соқтырып жатқаны бәрімізге белгілі.

Тірі жанды бейнелеу - ол Аллаһтың жарату қабілетіне еліктеу болып табылады. Айша, ол кісіге Аллаһ разы болсын, былай деген сөздерін бізге жеткізген; «Ақірет күні Аллаһтың жарату табиғатына еліктеген әрбір адамын ауыр жаза күтеді»[49] Ибн Аббас, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегенін естіген: «Әрбір тірі жанды бейнелеген отта болады және оның әрбір бейнелегеніне жан беріліп, ол оны қинайды.»[50] Бұл хадистерден біздің ұғатынымыз: жаны бар мақұлықты[51] бейнелеуге, яғни суретін салуға тыйым салынады.

АЛЛАҺТЫҢ ПЕРІШТЕЛЕРІНЕ ИМАН

Періштелер - біз үшін ғайып әлем. Олар да жаратылыс, яғни оларды да Аллаһ жаратқан. Оларда үстемдік, не құдайлық қасиеттер жоқ. Аллаһ оларды нұрдан жаратып, оларға Өзінің бұйрықтарына толық бағынып, бұлжытпай орындайтын қабілет берген. Аллаһ Тағала Өзінің Кітабында былай дейді:

---

[46] Муслим риуаяты бойынша.
[47] Муслим риуаяты бойынша.
[48] Яғни, үйлеріңде тек қана ұйықтамаңдар намаз оқыңдар, дұға қылыңдар.
[49] Муслим риуаяты бойынша.
[50] Муслим риуаяты бойынша.
[51] Яғни, адамдар мен жануарларды.

«Көктегілер мен жердегілер – Аллаһтікі. Оның қасындағылар Оған құлшылық етуден дандайсымайды да шаршамайды. Олар күндіз-түні Аллаһты дәріптеуден жалықпайды.»[52] Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір хадистерінде: «Періштелер нұрдан жаратылған, жындар - жанып тұрған оттан жаратылған, ал Адам өздерің білетіннен жаратылған[53]» - делінеді.[54]

Олардың сандары өте көп. Оны тек Аллаһ біледі. Періштелерге иман келтіру төрт нәрсені қамтиды:

1. Олардың хақтығына, яғни бар екендігіне иман келтіру.
2. Құранда және хадистерде айтылған періштелердің есімдеріне иман келтіру.
3. Құранда және хадистерде айтылған періштелердің сипаттарына иман келтіру. Мысалы, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Жебірейіл періштені Аллаһ алғашқы жаратқан қалпында көргенін айтқан, сонда оның 600 қанаты болғанын айтады. Аллаһтың әмірімен періштелер түрлі сипатта бола алады. Мысалы, Аллаһтың әмірімен Жебірейіл періште Мариямға жынлы лебізді кісі ретінде келсе, ал біздің Пайғамбарымызға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, осы кітаптың екінші бетінде келтірілген хадис бойыншна ақ киімді және қара шашты кісі ретінде келген. Сол сияқты Аллаһтың Ибраһимге, оған Аллаһтың сәлемі болсын, Лұтқа, оған Аллаһтың сәлемі болсын, жіберген періштелері де адам түрінде келген.
4. Аллаһ Тағаланың әмірімен олардың істейтін істеріне иман келтіру.

Олардың кейбіреуінің Құранда және хадистерде айтылған арнаулы істері бар:

1. Жебірейіл, оған Аллаһтың сәлемі болсын, Пайғамбарларға Аллаһтан уаһи жеткізуші. Аллаһтың кітаптары осы періште арқылы түсірілген.
2. Мекайл, оған Аллаһтың сәлемі болсын, - жаңбыр, өсімдік сияқты табиғат істерге жауапты.
3. Өлім періштесі - жан алуға міндеттелген.
4. Мәлік, оған Аллаһтың сәлемі болсын - Тозаққа жауапты.
5. Жатырдағы баланың ризық-несібесін жазу жүктелген періштелер.
6. Исрафил, оған Аллаһтың сәлемі болсын, - Ақырзаман мен адамдардың қайта тірілу күнінде сүр үрлеуге міндеттелген періште және т.б. періштелер.
7. Қайтыс болған кісіден сұрақ алуға міндеттелген періштелер.

АЛЛАҺТЫҢ КІТАПТАРЫНА ИМАН

Кітап деген сөз – «жазылған» деген мағынаны білдіреді. Бұл кітаптар - халыққа рақымшылық әрі тура жол болу үшін, сөйтіп адамдар бұл дүние мен Ақыретте бақытқа жетулері үшін Аллаһ Тағаланың пайғамбарларына түсірген кітаптары. Біз Құранда айтылған кітаптарға иман келтіреміз. Олар:

Ұлы Құран - Мұхаммедке, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түсірілген. Таурат (Тора), Мұсаға, оған Аллаһтың сәлемі болсын, түсірілген. АллаҺ Тағала Кітабында былай дейді: «Күдіксіз Тауратты түсірдік, онда тура жол және нұр бар ... »[55]

Інжіл (Евангелие) - Мариям ұлы Исаға, оған Аллаһтың сәлемі болсын, түсірілген. Аллаһ Тағала былай дейді: **«Және Пайғамбарлардың ізінше өзінің алдындағы**

[52] «Әнбия» сүресі 19-20 аят
[53] Яғни, топырақтан.
[54] Муслим риуаяты бойынша
[55] «Маида», 44 аят

Тауратты растаушы етіп, Мариям ұлы Исаны жалғастырдық. Әрі оған ішіндегі туралық, нұр болған, алдындағы Тауратты бекітуші, сондай-ақ, сақтанушылар үшін тура жол, үгіт түрінде Інжілді жібердік.»[56]

Забур - Дәуідке, оған Аллаһтың сәлемі болсын, түсірілген. Аллаһ Тағала былай деді: **« ... және біз Дәуідке Забурды бердік,»**[57]

Нұсқалар - сухуф (парақ қағаздар) - Ибрахим мен Мұсаға, оларға Аллаһтың сәлемі болсын, жіберілген. Аллаһ Тағала былай дейді: **«Негізінен бұл үкімдер бұрынғы нұсқаларда бар. Ибраһим, Мұсалардың нұсқаларында»**[58]

Құранда аты аталған жазбалар - жоғарыда келтірілген жазбалар. Аллаһ Тағала басқа да жазбаларды Өзінің басқа пайғамбарларына жіберген. Біз оларға тұтасымен сенеміз. Бұрынғы кітаптар Құранның келуімен өз үкімдерін тоқтатқан. Аллаһ Тағала былай дейді: «(Мұхаммад,) саған шынайы түрде Құранды өзінен бұрынғы кітаптарды растаушы және оларды қорғаушы түрінде түсірдік ... »[59]

Яғни, сол кітаптарға төреші түрінде түсірген, соған байланысты бұрынғы кітаптардың бірде-бір үкіміне амал жасауға болмайды. Ал, егер Құраннан бұрынғы кітаптардың түп нұсқасының қазіргі кезде жоқ екендігін ескерсек, бұл ескертуіміздің мәні одан ары жоғарылайтыны сөзсіз. Бір хадисте мынандай сөздер келтіріледі, ол хадистің мағынасы: «Бірде Омардың, ол кісіге Аллаһ разы болсын, бір қағаздар ұстап жүргенін көріп Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Иә Омар, қолыңдағы не зат?» - деген сұрағына, Омар: «Бұл - Таурат», - деп жауап берді. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ашуланып: «Уа, Омар, оныңды қой. Егер Мұса қазір тірі болса еді, ол менің жолыммен жүрер еді» - деген. Және Ақыр заманның алдында Мариям ұлы Иса, оған Аллаһтың сәлемі болсын, жерге түсірілгенде ол Мұхаммед пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, шариғатын, яғни Құранды басшылыққа алады.

АЛЛАҺТЫҢ ЕЛШІЛЕРІНЕ,
яғни пайғамбарларға иман.

Елші арабша «расул» - деген сөз. Оның сөздіктегі мағынасы әр нәрсені білдіреді. Ал дінімізде – шариғат берілген немесе соны жеткізуге бұйырылған адам. Пайғамбарлар екі түрлі болады: 1) Расул (пайғамбар), 2) Нәби (хабаршы). Расулдардың алғашқысы Нұх, оған Аллаһтың сәлемі болсын, соңғысы Мұхаммад, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. Бұл жөнінде аяттар мен хадистер баршылық. Аллаһ Тағала Құранда былай дейді: **«Біз Нұхқа және одан кейінгі пайғамбарларға уахи еткеніміздей, саған да уахи еттік.»**[60]

Аль-Бухаридің «Сахих» кітабында Анастан риуаят еткен шапағат жөніндегі хадисте Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деген: «Өздеріне шапағат ету үшін адамдар Адам атаға келеді. Ол оларға: «Айыпқа бұйырмаңыздар, Нұхқа барыңыздар. Ол - Аллаһтың жіберген ең алғашқы расулы» - дейді. Аллаһ Тағала Құранда былай дейді: «**Мұхаммад - сендерден ешбір еркектің әкесі емес, бірақ Аллаһтың елшісі және пайғамбарлардың соңы.»**[61] Қауымына дербес шариғат әкелмеген расул немесе алдыңғы пайғамбарлардың шариғатын жаңартып келмеген

[56] «Маида», 46 аят
[57] «Миғраж» сүресі, 55 аят
[58] «Ағла», 18-19 аяттар
[59] «Маида» сүресі, 48 аят
[60] «Ниса» сүресі, 163 аят
[61] «Ахзаб» сүресі, 40 аят

хабаршы болмаған. Құран бұл жөнінде былай хабар айтады: **«Расында, әр үмметке: «Аллаһқа құлшылық етіңдер. Ширктен аулақ болыңдар дейтін елші жібердік.»**[62]

Пайғамбарлар да - адам баласы, яғни олар да адамдар секілді Аллаһтың жаратқан мақлұқаты. Оларда үстемдіктен және құдайлықтан ешқандай қасиеті жоқ. Мұхаммад, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, пайғамбарлардың бекзадасы әрі Аллаһтың қасындағы ең беделдісі болса да, Аллаһ ол жөнінде былай деген: **«(Мұхаммад), «Аллаһ қаламайынша, өзім үшін пайда, зиян келтіру күшіне ие емеспін. Егер көместі (ғайыпты) білген болсам, әрине, жақсылықты көбейте алар едім. Сондай-ақ, маған бір сәтсіздік жұғыспас еді. Мен иман келтірген елді қорқытушы, қуандырушы ғанамын», - де»**[63]

Пайғамбарларға иман келтіру төрт нәрсені қамтиды:

1. Олардың пайғамбарлығы - Аллаһ Тағаладан екендігіне сену. Кімде-кім солардың біреуінің пайғамбарлығын теріске шығарған болса, ол барлық пайғамбарларды теріске шығарған болады.
2. Құранда есімі аталғандардың есіміне сену. Сондай-ақ, барлық пайғамбарлардың ішінде бесеуі - ең беделділері (жүректілер) болып саналады. Олар: Нұх, Мұса, Иса және Мұхаммад, олардың барлығына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. Бұл жөнінде Құранда былай делінеді: **«(Мұхаммад), сол уақытта пайғамбарлардан уәде алған едік. Сенен, Нұх, Ибраһим, Муса және Мариям ұлы Исадан, солардан берік уәде алған едік.»**[64]
3. Олардың айтқан хабарларын растау.
4. Бізге жіберілген пайғамбарлардың шариғатымен жүру. Олардың соңғысы - Мұхаммад пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, екендігіне сену. Аллаһ Тағала Құранда былай дейді: **«(Мұхаммад,) Раббыңа серт! Олар өзара таласқан нәрселерінде сені би етіп, кейін берген билігіңнен көңілдерінде ақтау таппай, толық бойұсынғанға дейін мұсылман бола алмайды».**[65]

Бүкіл адамзатқа жіберілген және пайғамбарлардың соңы болған, Мұхаммедке, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сүйіспеншілік.

Мұхаммад пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бүкіл адамзатқа ғана емес және жын әлеміне де жіберілген пайғамбар. Бұл жөнінде Раббымыз Аллаһ Тағаланың мына сөздерін айта аламыз: **«(Мұхаммад,) оларға: «Жындардан бір тобының Құран тыңдағаны маған уахи етілді», - де. Сонда жындар : «Шынында, бір ғажайып Құран тыңдадық», - деді. «Құран бізді тура жолға салады. Енді оған иман келтірдік. Раббымызға ешкімді ортақ қоспаймыз»**[66] Және де Аллаһ Тағала былай деді: **«Сені біртұтас (яғни барлық) адам баласына куәландырушы, қорқытушы етіп ғана жібердік ... »**[67]

Аллаһқа құлшылық етудің ең жоғарғы түрі - ол Аллаһ Тағалаға деген сүйіспеншілік. Әрине, Аллаһқа деген сүйіспеншілік - Аллаһтың әрбір құлының жүрегінде бірінші орында болу керек. Аллаһ тағала айтты: **« ... Ал муминдер Аллаһты тағы артық сүйеді ... »**[68] Ал Аллаһ Тағалаға деген сүйіспеншіліктен кейін Аллаһтың елшісі Мұхаммедке, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, деген сүйіспеншілік - әр мұсылманның міндеті болып табылады. Анастан, ол кісіге Аллаһ разы болсын, жеткен

[62] «Нахыл» сүресі, 36 аят
[63] «Ағраф» сүресі, 188 аят
[64] «Ахзаб» сүресі, 7 аят
[65] «Ниса», 65 аят
[66] «Жын» сүресі, 1-2 аяттар
[67] «Сәбә» сүресі 28 аят
[68] «Бақара» сүресі, 165 аят

бір хадисте Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны жеткізіледі:

«Қашан мені өз әкесінен, өз ұлынан, басқалардың барлығынан артық жақсы көрмейінше сендерден ешкім иман келтірмейді»[69]

Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ерекше жаратылғаны соншалық, оны әр адам өз жанынан да артық жақсы көруі тиіс. әл-Бухаридің сахих кітабында келтірілген төмендегі хадис, соның айқын дәлелі: «Бір күні төрт халифаның бірі Омар, ол кісіге Аллаһ разы болсын: «Иә Аллаһтың елшісі, расында мен сені өзімнен басқаның барлығынан да артық жақсы көремін!» - деді. Сонда Пайғамбарымыз ρ: «Уа, Омар! Жанымның Иесінің атымен ант етемін, сен мені өзіңнен де артық жақсы көрмейінше толық иман иесі бола алмайсың!», - деп айтады. Біраз уақыт өткен соң Омар, ол кісіге Аллаһ разы болсын, тағы келіп: «Иә, Аллаһтың елшісі! Расында, қазір мен сені өзімнен де артық жақсы көремін», - дегенде Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Иә, Омар! Міне енді иманның ең биік дәрежесіне жеттің», - дейді».

Пайғамбарды, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, шынайы көңілмен жақсы көруге итермелейтін сезімнің негізіне - оның Құдіретті Аллаһтың сүйікті елшісі әрі екі арадағы дәнекер ретінде хақ дінге алып баратын тура жолды көрсетуші тұлға болғандығы жатады. Осы жолды ұстану арқылы кез-келген адамға Ақырет азабынан, Тозақ отынан құтылудың, Аллаһ Тағала уәде еткен мәңгілік өмірдегі табыстарға кенелудің мүмкіндігі ашылмақ. Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, деген сүйіспеншілік жеңіл-желпі жақсы көру немесе ұнату сезімдерімен мүлдем үйлеспейді, ол - жүректің түкпірінен мәңгі орын алуы тиіс, сонда ғана шынайы мұсылманның жүрегіндегі сүю сезімі оның өмірін мағыналы етеді және тек қана жақсылық істеуге үмтылдырып, харам нәрселерден, күнә істерден сақтандырып отырады. Пайғамбарға оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, деген сүйіспеншіліктің белгілері мынадай:

1. Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұйрықтарына мойынсұну, дұрыс деген істерін орындау, тыйым салған істерден алыс болу.

2. Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көмек көрсету, оны құрмет тұту. Ол қайтыс болғаннан кейін, сахабалар қандай сүйіспеншілікпен, адал түрде оның сүннетін басшылыққа алса, қалған мұсылмандардың солай оның сүннеттерін (көп адамдарға ұнамаса да) басшылыққа алуы және оны халық арасына таратуы – сүйіспеншілік белгісі болып табылады.

3. Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сүйіспеншіліктің тағы бір белгісі - оның барлық ісінен үлгі-өнеге алу. Атап айтқанда: оның Аллаһқа жасаған ғибадатын, дәрет алуын, тамақ жеуін, ұйықтауын, сондай-ақ кішіпейілділігін, ұстамдылығын, жомарттығын, сабырлылығын, т.б. іс-әрекеттері мен көркем мінездерін өзімізге үлгі тұтып, бойымызға сіңіре алсақ, онда нағыз мұсылмандардан, әрі шынайылардан болғандығымыз.

4. Пайғамбарды, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әрдайым шын жүректен сағына, тебірене еске алып отыруымыз, әр уақытта салауат айтып жүруіміз - ол да оған деген сүіспеншілігіміздің бір белгісі. Пайғамбардан, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жеткен мына хабарды әркімнің есте ұстағаны абзал: «Кім мен үшін бір салауат айтса, Аллаһ Тағала оған он есе алғыс айтады»[70]

5. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кімді және нені жақсы көрсе - соларды жақсы көру. Мысалы, бұған Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен

---

[69] Хадисті келтірушілер аль-Бухари мен Муслим.

[70] Муслим риуаяты бойынша.

сәлемі болсын, сахабаларына деген сүйіспеншілігі жатады. Әнәстан жеткен бір хадисте былай делінеді: «Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, асқабақты сүйсіне жегенін көріп, сол мезеттен бастап мен де сол дақылды[71] сүйіп жейтін болдым»[72]

Сонымен, қорытып айтқанда Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, деген сүйіспеншілік сезімі - өз дініне шын ықыласымен берілген, не үшін жаратылғандығын айқын ұғынып, Ұлық әрі Жоғары Аллаһ Тағалаға құлшылық етуді өмірінің басты мәніне айналдырған, бұл дүниенің алдамшы қызығынан гөрі Ақырет дүниесінің жағдайын көбірек ойлаған адамдарға тән. Құрметті оқырман, егер біз жоғарыда айтылып кеткен сүйіспеншілікке талпынсақ, онда Аллаһ Тағала ниеттерді Білуші және сұраушыға Беруші. Аллаһтан дін іздеген әрбір мұсылман бауырымыз үшін және өзіміз үшін Аллаһ Тағаладан, ең бірінші Аллаһ Тағаланың өзіне ғашық болуды, одан кейін Өзінің елшісіне ғашық болуды сұраймыз. Пайғамбарымыз Мұхаммедке, Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһтың бәріне күші жетуші! Әмин.

Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, суреттемесі.

1. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдардың ішіндегі тұлғасымен де, бет әлпетімен де ең әдемісі болатын, сондай-ақ оның бойы - тым биік те, тым аласа да емес, орташа болатын.[73]

2. Аллаһтың елшісі - ақ жүзді, әдемі еді.[74]

3. Аль-Бараъ бин ъАзибтың жеткізуімен «Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, орта бойлы, кең иықты, сақалы қалың, жүзі албырт (қызғылт) болатын да, ал шаштары құлағының сырғалықтарына дейін жететін. Мен оны қызыл түсті киімде көрдім, сондай-ақ ол секілді әдемі адамды көрген емес едім».[75]

4. «Оның беті ай мен күнге ұқсас дөңгелек болатын».[76]

5. «Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір нәрсеге қуанғанда жүзі нұрлы ай секілді болып кететін, оның қуанғанын осылайша нұрланған жүзінен білетінбіз».[77]

6. Абдуллаһ бин Серджистің, ол кісіге Аллаһ разы болсын, жеткізуімен : «Мен Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көрдім, оған келіп тұратынмын және оның жегенін жеп, ішкенін ішкенмін, сондай-ақ мен оның сол иығындағы пайғамбарлық мөрін көрдім, ол бір жерге жиылған қалдар секілді болатын».[78]

7. Жәбірбин Самурдың, ол кісіге Аллаһ разы болсын, жеткізуімен: «Мен ол мөрді Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, екі жауырынның ортасынан көрдім. Ол көлемімен көгершіннің жұмыртқасы секілді қызғылт түсті бұлтқа ұқсайтын».[79]

8. Әнәстің, ол кісіге Аллаһ разы болсын, жеткізуімен: «Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, нұр төгіліп тұратын, оның денесінен шыққан тер - маржандай болатын, жүргенде ол кішкене алдыға еңкейіп, салмақты жүретін, сондай-ақ

[71] Яғни, асқабақты.
[72] аль - Бухари
[73] Бухари, Муслим.
[74] Муслим.
[75] Аль-Бухари.
[76] Муслим.
[77] Аль-Бухари, Муслим.
[78] Муслим.
[79] Муслим.

мен оның қолының жұмсақтығындай не жібекті, не паршаны ұстаған емеспін және оның денесінен шыққан иістей жұпар иісті де еш нәрседен сезінген емеспін».[80]

9. Айшаның, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жеткізуімен: «Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, аяқ киімін өзі жөндеп, киімін өзі тігетін және сендердің кез-келгенің қалай үй шаруасын істейтін болсаңдар, ол да солай үй шаруасын атқаратын. Сондай-ақ, Айша, ол кісіге Аллаһ разы болсын, мына сөздерді айтты: «Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, басқа адамдар секілді болатын, киімін де өзі тігетін, қойды да сауатын және өзіне де өзі қарайтын».[81]

10. Умм Маъбадтан жеткен ұзын хадистің бөлігінде, Умм Маъбад Пайғамбарды, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай суреттейді:

«Мен түсі нұрлы адам көрдім, оның түрінде әбигерлік пен ашынғандықтың белгісі болмады. Ол көрікті әрі сүйкімді болды. Оның кірпіктері сүрмемен боялғандай ұзын болды. Оның даусында құлаққа жақсы әсер беретін қырыл болды, мойны - ұзын, ақ сақалы - қалың, және қастары қосылған ұзын болды.
Ол үндемей тұрғанда, сенімді құрметпен тұратын, ал сөйлесе одан да тамаша болып кететін. Алыстан адамдардың ең әдемісі болып көрінетін, ал жақыннан - адамдардың ең жақсысы болатын. Ол әдемі сөйлейтін және сөздері тым қысқа да, тым ұзақ та болмай, анық болатын, ал сөздері жерге түскен маржандай болды. Бойы тым ұзын да, тым қысқа да болмады. Оның жол серігі екі адам болды, сонда ол үшеуінің ең әдемісі және ең құрметтісі болды. Оның серіктері оған құрмет көрсететін, егер ол сөйлесе мұқият тыңдайтын, егер ол оларға бір нәрсе әмір берсе, олар оны орындауға асығатын және ол ашулы да болмады және бос сөздерді де сөйлемеді.»[82]

СОҢҒЫ КҮН - АҚЫРЕТКЕ ИМАН

Ақырет күніне иман Құран мен хадистерде айтылып кеткен ақиқат істерді қамтиды. Оған мыналар жатады: 1) Қабір сынағы, азабы мен рахаты; 2) Ақырет күнінің басталуы және оның белгілері; з)Қайта тірілу; 4) Жиналу; 5) Есеп беру, амал дәптері және таразы; 6) Сират көпірінен өту; 7) Жұмақ пен тозақ.

1 - Қабір сынағы, оның азабы мен рахаты.

Имам Ахмад өзінің кітабында аль- Бара бин Азибтің, ол кісіге Аллаһ разы болсын, айтуы мен мына хадистерді келтіреді: «Бірде біз Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір ансарды жерлеу рәсіміне қатысқан кезде, оның қабіріне дейін бардық. Оны жерлеп болмай тұрып, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оның жанына отырды, біз болсақ оны айнала қимылдамай отырдық. Біраз уақыт Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қолындағы таяғымен жерді шұқылап отырды да: «Аллаһтан қабір азабынан қорғауын сұраңдар!», - деп үш қайтара айтып былай деді: «Шындығында, Аллаһтың иманды құлы осы дүниеден озып ол дүниеге көшкенде, оған көктен аппақ күн сияқты көріктерімен періштелер түседі, олар өздерімен Жәннәттің жамылғыларынан бір жамылғы және Жәннәттің иіс майларынан иіс май әкеліп, ол көретіндей жерге отырады. Сонан соң, оған жан алушы періште келіп, оның бас жағына отырып: «Мейірбан жан, Аллаһтың кешірімі мен игілігіне шық», - дейді».

---

[80] Аль-Бухари, Муслим.
[81] Ат- Тирмизи.
[82] Аль-Хакім риуаяты бойынша.

Содан соң Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сөзін былай деп жалғастырады: «Ол (жан) бір ыдыстан аққан су сияқты адамның денесінен ағып шығады да жан алушы періште оны қабылдап алады. Ол жанды алысымен оның жанындағы ақ жүзді періштелер, оны бір сәтке де кідіртпестен, оны алып Жәннәт жамылғысына орап, оған Жәннәт иіс майын себеді. Содан кейін одан жер бетіндегі әдемі иістердің ешқайсысына ұқсамайтын хош иіс шыға бастайды. Олар онымен[83] бірге жоғарыға көтеріледі, сонда оларға жолда жолыққан (періштелер): «Бұл қандай ізгі жан?», - деп сұрайды. «Бұл пәленше де пәленшенің баласы», - деп олар оның осы дүниедегі әдемі аттарымен атайды. Осылай бірінші көкке жетіп қақпаны ашуын сұрағанша жалғасады. Сосын оған есіктер ашылып, сол көктің бүкіл періштелері оны келесі көкке дейін шығарып салады. Бұл жағдай жетінші көкке жеткенше жалғасады, сонда Аллаһ: «Менің құлымның жазуларын[84] иллийунге[85] кіргізіңдер де жерге қайтарыңдар, өйткені мен оларды одан жараттым, оған қайтарамын және одан тағы да шығарамын!», - дейді».

Содан соң Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сөзін жалғастырды: «Оның жанын денесіне қайтарады да, оны екі періште келіп отырғызып: «Сенің Раббың кім?», - деп сұрайды, ол: «Менің Раббым- Аллаһ», - деп жауап береді. Олар одан: «Дінің қайсы?», - деп сұрайды, ол: «Менің дінім - Ислам», - деп жауап береді. Олар одан: «Сендерге жіберілген адам кім?», - деп сұрайды, сонда ол: «Ол Аллаһтың елшісі», - деп жауап береді. Олар одан: «Сен бұны қайдан білесің?», - деп сұрайды, сонда ол: «Мен Аллаһтың кітабын оқыдым, оған сендім және оны мойындадым», - деп жауап береді. Сонда көктен: «Менің құлым мойындады. Оған Жәннәттан төсеніш төсеңдер және Жәннәттән киім киіндіріңдер де, оған Жәннәттің қақпасын ашыңдар», - деп дауысталады.

Содан соң Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сөзін былай деп жалғастырды: «Оны қуаныш пен Жәннәттің рахаты баурып алады, ал жатқан жері көз жетерліктей жерге кеңейеді де, оған әдемі жүзді, тамаша киімді және жұпар иісі аңқыған бір адам келіп: «Сені осы күні қуандыратын және саған уәде етілген хабар айтамын», - дейді. Ол: «Сенің жүзіңде ізгіліктің хабары бар! Сен кімсің?», - деп сұрайды. Сонда ол адам: «Мен- сенің ізгі істеріңмін», - деп жауап береді. Сонда ол қуанып: «Өзімнің жанұяма және дүниеме қайтуым үшін, Раббым, сол уақытты келтір, Раббым, сол уақытты (жылдам) келтір![86]», - дейді».

Содан соң Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сөзін жалғастырды: «Шындығында, Аллаһтың имансыз құлы осы дүниеден шығып о дүниеге өтерінде, оған көктен қара жүзді періштелер түседі, олар өздерімен тұрпайы, дөрекі ораныш әкеліп ол көретіндей жерге отырады. Сонан соң жан алушы періште келіп, оның бас жағына отырып: «Көргенсіз жан, Аллаһтың қаһары мен ашуына шық», - дейді».

Содан соң Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сөзін жалғастырды: «Денедегі жан қатты үрей сезінеді де, періште оның жанын сулы жүннен темір ілгішті жұлып алғандай жұлып алады. Ол жанды алысымен, оның жанындағы қара жүзді періштелер оны бір сәтке де кідіртпестен одан алып, дөрекі ораныштарына орайды да, одан жер бетіндегі ең жаман өлексенің сасық иісіндей иіс шыға бастайды. Содан соң олар онымен жоғарыға көтеріледі, сонда оларға жолда жолыққан (періштелер): «Бұл неғылған сасық иіс?», - деп сұрайды. «Бұл пәленше, пәленшенің баласы», - деп олар

[83] Яғни, рухпен.
[84] Яғни, амалдарын.
[85] Яғни, жақсы амалдар кітабына.
[86] Яғни, Ахиретті.

оның осы дүниедегі жаман есімдерін айтады. Ал олар онымен көктің төменгі қабатқа жетіп қақпаның ашуын сұрағанда, оған оны ашпайды».

Содан соң Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мына аятты оқыды: **«Күдіксіз аяттарымызды жасынға айналдырып, одан өз іздерін жоғары көтергендерге көктің есіктері ашылмайды ... Және олар, түйе иненің көзінен өткенге дейін, Жәннатқа кірмейді. Күнәһарды осылай жазаландырамыз.»**[87]

Содан соң Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сөзін былай жалғастырды: «Сосын Аллаһ: «Оның амал жазуларын жердің төменгі қабатындағы сиджжинге (күнәһарлардың кітабы) орналастырыңдар» - деп бұйырады да, оның жаны соған лақтырылады».

Содан соң Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мына аятты оқыды: **« ... Кім Аллаһқа ортақ қосса, сонда ол - көктен түсіп, оны құс іліп әкететін немесе оны ұзаққа жел ұшырып кеткен нәрсе сияқты».**[88]

Содан соң Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сөзін былай деп жалғастырды: «Оның жанын денесіне қайтарады да, оны екі періште отырғызып: «Сенің Раббың кім?», - деп сұрайды, ол: «Қап, қап, мен білмеймін!», - деп жауап береді. Олар одан: «Дінің қайсы?», - деп және сұрайды, ол болса: «Қап, қап, мен білмеймін!», - деп жауап береді. Олар одан: «Сендерге жіберілген адам кім?», - деп сұрайды, сонда ол: «Қап, қап, мен білмеймін!», - деп жауап береді. Сонда көктен: «Менің құлым жалғанға шығарды[89]. Оған оттан төсеніш төсеңдер және тозақтың қақпасын ашыңдар», - деп дауыстайды да, оған Тозақтың ыстығы мен Тозақтың күйдіретін ыстық желі соға бастайды. Оның қабірінің тарылғаны соншалық, денесіндегі қабырғалары бір-біріне айқасып қалады. Сосын оған тұрпайы жүзді, тұрпайы киімді және жан-жағына сасық иісі аңқыған бір адам келіп: «Мен саған жағымсыз болған және саған уәде етілген хабарды жеткіземін», - дейді. Ол: «Сенің жүзің жамандықты сездіреді, Сен кімсің?», - деп сұрайды, оған ол адам: «Мен сенің - жаман істеріңмін», - деп жауап береді, сонда мәйіт: «Раббым, ол уақытты болдырма», - деп шырылдайды.»[90]

2 - Ақырет күннің басталуы және оның белгілері.

Ақырет күніне иман келтірудің бір бөлігі: соңғы уақыттың басталуына, сол уақыттың басталуымен жер бетіндегі өмірдің аяқталып, өліктердің қайтадан тірілуіне деген сенім жатады. Бұл уақыттың басталуы Құранда айтылуы бойынша, бүкіл дүниені дүр сілкіндіріп, әрбір жан есін үрейге бөлейді. Аллаһ Тағала былай дейді: **«Әй, адам баласы! Раббыларыңнан қорқыңдар. Расында, қияметтің сілкінісі үлкен нәрсе. Ол күні әр емізушінің емізгенін ұмытқанын және әрбір буаз жәндіктің іш тастағанын көресің. Негізінде, олар мас емес. Бірақ, Аллаһтың азабы – қатты.»**[91]

Шындығында, дүниедегі өзгеріс, аспан мен жерде үрей тудырады: аспан айырылып жұлдыздар құлайды, жер дірілдеп мұхиттар арнасынан шығып өртенеді. Ал таулар болса быт-шыты шығып, күлталқан болады. Аллаһ Тағала айтады: **«Оны теп-тегіс жазық қылады. Сен онда ешбір қия не томпақ көрмейсің. Олар қиямет күні шақырушыға еш бұрылмай ілеседі. Сондай-ақ, Рахманның алдында дауыстар бәсеңдейді. Тіпті сыбырдан басқаны естімейсің.»**[92]

---

[87] «Ағраф» сүресі 40 аят
[88] «Хаж» сүресі, 31 аят
[89] Яғни, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтқандарын мойындамады.
[90] Абу Дауд, ибн Маджа.
[91] «Хаж» сүресі, 1-2 аяттар
[92] «Та-ха» сүресі, 105-108 аяттар

Бұл уақыттың, қай уақытта болатынын бір Аллаһ қана біледі. Біздер үшін ғайып-құпия болып есептеледі. Егер кімде-кім «бұл уақытты білемін» десе немесе «бұл уақыт болмайды» десе ол күпірлік жасады, діннен шықты деген сөз. Аллаһ Тағала айтады: **«Ол сондай Аллаһ: Кітапты және өлшеуді шындықпен түсірді. Қайдан білесің? Қиямет жақын шығар. Оған сенбегендер, асығыс тілейді. Сенгендер, одан үрейленіп, оның хақ екенін біледі. Сақ болыңдар! Ол мезгіл жайында тартысатындар, әлбетте ұзақ адасуда.»**[93]

Дегенмен, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұл уақыттың жақындайтын мезгіл белгілерін көрсетіп кеткен. Солардың бірі осы кітаптың екінші бетіндегі хадисте көрсетілген. Және де Хузайфадан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жеткен бір хадисте былай деп айтылады: «Бірде біз өзара әңгімелесіп отырған кезімізде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: «Не жайында әңгімелесіп отырсыңдар?», - деп сұрады. Біз: «Қиямет жайлы айтып отырмыз», - деп жауап бердік. Сонда ол: «Қиямет - ол күннің он белгісі болмай басталмайды», - деп, олар: «Түтін (шығуы), Даджал (келуі), жануар (келуі), күннің батыстан шығуы, Мариям ұлы Исаның, оған Аллаһтың сәлемі болсын, келуі, Йаджуж бен Маджуж (келуі), үш рет шығыста, батыста және Арабстанның үстінде күннің тұтылуы, одан кейін Йеменнен оттың шығып адамдарды жиналыс орнына қууы», - деп атап шықты».[94]

Қиямет күннің басталуының екі рет сүр үрленумен байланысы бар, Аллаһ Тағала былай дейді: **«Сүр үрілгенде, Аллаһтың қалағанынан басқа, көктердегі жан иелері, жердегі жан иелері жығылып өледі. Бірақ, Аллаһтың қалағандары қалады. Сосын, екінші рет сүр үрлейді де сонда олар тұрған бойда қарап қалады (не істелетіндігін күтеді).»**[95] Демек, бірінші сүр үрленгеннен кейін, Аллаһтың қалағанынан басқа, барлық жандар өледі де, екінші сүр үрленгеннен кейін барлық өліктер тіріледі.

Абу Хурайраның жеткізуімен, ол Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естіген: «Осы екі сүр үрлеудің арасында қырық жыл өтеді. Сосын Аллаһ тағала көктен су жібереді де олар өсімдік секілді өсе бастайды. Адамдардан құйымшақ сүйегінен басқа еш нәрсе қалмай шіриді. Сол сүйектері арқылы олар Қиямет күні қайта жаратылады».[96]

3 - Қайта тірілу.

Қайта тірілу - ол екінші рет сүр үрлегенде өлілердің тіріліп, аяқ киімсіз, жалаңаш, сүндетке отырғызылмаған күйде қайта тірілуі.

Бұл жөнінде Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кезінде көпқұдайшылдар: «Біз өлгеннен кейін қалай қайта тірілеміз?, - деп сенбеген. Сол мүшриктердің бірі Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп, жерден бір шіріген сүйекті алып, оны қолымен езіп топырақ етіп, Пайғамабардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көзіне үрлеп: «Осыны сенің Раббың тірілте ала ма?», - деген арсыз сұрағына, Аллаһ Тағала Құранда былай дейді: **«Адам баласы өздерін бір тамшы судан жаратқанын көрмей ме? Сонда да ашық қиқарлық істейді. Олар өз жаратылысын ұмытып, Бізге мысал берді: «Міне, шіріген сүйектерді кім тірілтеді'?» - деді. (Мұхаммад,)» Оны сондай алғаш жаратқан тірілтеді. Ол барлық жаратылысты біледі» - де. Ол сондай Аллаһ: сендерге жасыл ағаштан от жаратты.**

[93] «Шура» сүресі, 17-18 аяттар
[94] Муслим риуаяты бойынша.
[95] «Зүмәр» сүресі, 68 аят
[96] Аль-Бухари және Муслим риуаяттары бойынша.

Сол уақытта сендер оны жағасыңдар. Сондай көктер мен жерді жаратқан Аллаһ олар сияқтыны жаратуға күші жетпей ме? Әлбетте күші жетеді. Ол - әр нәрсені жаратушы, толық білуші. Шын мәнінде, Ол бір істің болуын қаласа, Оның бұйрығы оған «бол» деу, сонда ол бола қалады. Барлық нәрсенің билігі қолында болған әрі сендер соған қайтарылатын Аллаһ - кемшіліктен пәк».[97]

Шын мәнінде, бізді бірінші рет жаратқан, жер мен көкті жаратқан және оларды өзінің құдіретімен жұмыс істетіп қойған Аллаһ Тағала үшін сүйектері күл болып кеткен өлген адамдарды қайта жарату - қиын емес. Әрине, бізді қайта тірілу күніне сенетіндердің қатарынан еткеніне сансыз көп шүкіршілік айтамыз және Жаратушыдан бізді сол иман келтіргендердің қатарында жанымызды алуын және солардың қатарында қайта тірілтуін сұраймыз. Расында, Аллаһ Тағала - сұраушыға беруші! Әмин!

4-Жиналу.

Аллаһ Тағала қайта тірілткен соң, олардан есеп алу үшін жинайды: Шын мәнінде, бұл жиналыста әркім өз басының қамын ойлап, бұл дүниедегі барлық туысқандық, жолдастық қатынастарын ұмытады. Бұл бір өте ауыр күн. Аллаһ Тағала бұл жөнінде былай дейді: **«Сол күні кісі туысынан безеді. Шешесінен, әкесінен, әйелінен және балаларынан (да безеді). Ол күні әркімнің ісі ауыр».**[98]

Айша анамыздан, ол кісіге Аллаһ разы болсын, жеткен бір хадисте былай делінеді:Пайғамабар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Қиямет күні адамдар жалаң аяқ, жалаңаш, сүндеттелмеген күйде жиналады», - деген кезде, мен: «Иә Аллаһтың елшісі, әйелдер мен еркектер бірге жиналып бір-біріне қалай қарайды?», - дегенде, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Иә Айша, олардың бір-біріне қарауға мұршасы болмайды» деп жауап берді». аль-Бухари мен Муслнм риуаяттары бойынша.

Дегенмен, олардың дәрежелері, олардың істеген амалдарына сай әр түрлі болады. Ол жөнінде Аллаһ Тағала былай дейді: **«Ол күні кейбір жүздер жарқырайды, күлген қуанышты түрде. Ол күні кейбір жүздің үстін шаң басқан болады, оларды қара түнек қаптаған болады. Міне, солар қарсы келген бұзақылар.»**[99] Аллаһ Тағала және былай дейді: **«Сонда жақсы іс істегендерге жақсылық әрі артығы да бар. Олардың беттерінде бір дақ не қорлық әсері көрінбейді, солар - жәннәттық. Олар онда мәңгі қалады. Ал, сондай жамандық істегендердің жазасы - сондай ғана болады, беттерінде қорлық әсері болады. Оларды Аллаһтан қорғаушы болмайды. Олардың беттері түннің қараңғылығынан бір бөлім қаптағандай. Солар - тозақтық. Олар онда мүлде қалады»**.[100]

Бір хадисте аль-Микдад, ол кісіге Аллаһ разы болсын, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегенін келтіреді: «Қияметте күн адамдарға бір миль[101] қашықтыққа жақындалады. Адамдар болса, өздерінің амалдарына сәйкес, әркім өз терлерінің суына батады. Олардың бірі тобықтарына дейін, енді бірі тізелеріне дейін, енді бірі белдеріне дейін батса, ал бірі аузына дейін батады».[102]

Абу Хурайраның, ол кісіге Аллаһ разы болсын, жеткізуімен ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естіген:

[97] «Йа-син» сүресі, 77-83 аяттар
[98] «Ғабаса» сүресі, 34-37 аяттар
[99] «Ғабаса» сүресі, 38-42 аяттар
[100] «Юнус» сүресі, 26-27 аяттар
[101] 1 миль арабша – 1920 метр.
[102] Муслим риуаяты бойьнша.

«Аллаһтан басқа ешкімнің көлеңкесі болмаған күні, Аллаһ Тағала жеті (түрлі) адамды Өзінің көлеңкесіне алады:

1. Әділ басқарушы,

2. Ұлы Аллаһ Тағалаға құлшылық етумен есейген жас,

3. Жүрегі мешіттерде байланған[103]

4. Тек қана Аллаһ Тағала үшін кездесіп-қоштасатын және бір-бірін Аллаһ үшін жақсы көргендер,

5. Абыройлы әрі әдемі әйел қалап шақырып, бірақ ол: «Расында, Мен Аллаһтан қорқамын», - деп бармаған еркек,

6. Садақаны жасырын бергені сонша, оның сол қолы оң қолының бергенін көрмейтін,

7. Оңашада Аллаһ Тағаланы еске алғанда көзіне жас толатын (адамдар).[104]

Сонымен, хадистер мен Құран аяттарына қарайтын болсақ, ол күні адамдар, әр түрлі жағдайда болады. Олардың бірі осы аласапыранда істеген істеріне сай қорыққан, қорланған түрде болса. Ал енді бір бөлігі жасаған амалдарына сәйкес қуанып, тыныш, Раббысының уәде еткен Жәннәтін күтеді. Иә Аллаһ, бізді тыныш, әрі қуанышты Жәннәтті күтетіндердің қатарынан қыла гөр. Сен Рахымды, Мейірімдісің! Әмин.

5 - Есеп беру, таразы және амал дәптері.

Осындай адам баласы бәрін ұмытқан, жан ашырлықтай жағдайда жиналғаннан кейін, есеп беру басталады. Аллаһ Тағала былай дейді: **«Олар Раббыңның құзырына қатарланып келтіріледі. Оларға. «Бастапта жаратқанымыз тәрізді келдіңдер, тіпті сендерге бір уәделі мерзім белгілемедік деп, ойламадыңдар (делінеді) »**[105]

Аллаһтын алдына сап түзеп барғанда адам баласына оның қолдары мен аяқтары куә болып, Оның алдында есеп бере бастайды. Аллаһ Тағала айтады: **«Қиямет күні, оларға тілдері, қол аяқтары не істегендеріне айғақ болады. Сол күні Аллаһ оларға лайықты жазасын толық береді. Сондай-ақ рас Аллаһтың ашық шындық екенін толық біледі».**[106] **«Ол күні олардың ауыздарын мөрлейміз. Бізге олардың қолдары сөйлеп, не істегендеріне аяқтары айғақ болады».**[107] **«Сол күні Аллаһтың дұшпандары тозаққа айдалуға жиналып, сонда олар алды артын тосады. Ақыр олар оған барған кезде; оларға құлақтары, көздері және терілері олардың не істегендеріне айғақ болады. Олар терілеріне: «Не үшін бізге куә болдыңдар?», - деп жауап береді. Сендер өздеріңе құлақтарың, көздерің және терілерің айғақ болады деп жасырынбаушы едіңдер. Тіпті Аллаһ, істегендеріңнің көбін білмейді деп ойлаушы едіңдер. Міне осы Раббыларың туралы ойлаған ойларың, өздеріңді жойды да сонда зиян ұшыраушылардан болдыңдар. Егер олар, енді шыдайтын бола, олардың орны от. Олар кешірім тілесе де қабыл етілмейді.»**[108]

Есеп беріп болысымен, адамның істерінің жақсысы мен жаманын айыру үшін, және өздеріне істеген істерінің көлемін көрсету үшін, таразыға салып өлшенеді. Бұл жөнінде Құран аяттарында былай делінген: **«Қиямет күні туралық таразысын қоямыз. Сонда ешкім әділетсіздікке ұшырамайды. Егер бір ұрық түйірінің**

---

[103] Мешітте намаз оқығанды жақсы көретіндер.

[104] Аль-Бухари, Муслим.

[105] «Каһф» сүресі, 48 аят

[106] «Нұр» сүресі, 24-25 аяттар

[107] «Йасин» сүресі, 65 аят

[108] «Фұсилат» сүресі, 19-24 аяттар

салмағындай болса да оны әкелеміз. Есеп көруде жеткіліктіміз».[109] **«Міне сонда біреудің таразысы ауыр тартса, Онда ол разы болатын бір тіршілікте болады. Ол һауяның не екенін білесің бе? Ол, жалындаған от».**[110]

Ал Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтқан сөздеріне келетін болсақ, Абу Хурайрадан, ол кісіге Аллаһ разы болсын: «Екі сөз бар, олар тілге айтуға жеңіл де, ал таразыда ауыр және оны Мейірімді Аллаһ Тағала жақсы көреді, олар: **«Субхана-Ллаһи уа бихамдихи, субхана-Ллаһиль-Азиим!**»[111]

Сонымен қатар, адам баласына есеп берген соң істері таразыда өлшенген соң амал дәптері дегеніміз - ол бүкіл осы дүниеде істеген, үлкен кішісіне қарамай жазылған дәптер. Ол туралы Аллаһ Тағала былай дейді: **«Амал дәптері алдарына қойылады. Сонда күнәһәрлардың, одан қорыққанын көресің. Олар: «Масқара! Бізге нендей өкініш! Мына кітапта кішкенені де үлкенді де тастамай-ақ түгендепті», - дейді. Сондай-ақ олар істегендерін дайын түрде табады. Раббың ешкімге әділетсіздік қылмайды.»**[112]

Адамдарға амал дәптерін, істеген істеріне байланысты әр түрлі дәрежеде береді. Біріне оң жағынан оң қолына (не алдынан) берсе, енді біріне сол жағынан сол қолына (не артынан) береді. Аллаһ Тағала бұл жөнінде былай дейді: **«Ал енді кімнің дәптері оңынан берілсе. Сонда ол дереу жеңіл есеппен есептеледі. Ол үй-ішіне қуанып қайтады. Ал және кімнің дәптері арт жағынан берілсе. Сонда ол дереу өлім шақырады. Қайнаған тозаққа түседі»**[113]

6 - Сират көпірі.

Барлық сұрақ-жауап өткен соң, адамдардың ісі таразыланған соң және амал дәптерлері беріліп тағдырлар шешілген соң адамдар не жәннәтқа, не тозаққа жіберіледі. Сол жолда барлық адам тозақтың үстінен тартылған сират көпірінен өтеді. Сол көпірдің үстінен өткенде тозаққа баратындар отқа құлайды да онда оларды жаза күтеді. Жәннәттық болғандар да, Аллаһ Тағаланың оларды қандай азаптан құтқарғанын көрсету үшін және имансыздарды қандай азап күтіп тұрғанын білдіру үшін сол оттың үстінен өткізеді. Аллаһ Тағала былай дейді: **«Сендерден тозаққа келмейтін (сираттан өтпейтін) ешкім болмайды. (Бұл) Раббыңа тұжырымды міндетті бір үкім. Соңыра тақуа болғандарды құтқарамыз да залымдарды тозаққа жүгіндіріп қоямыз».**[114]

Хузейфаның жеткізуімен, ол кісіге Аллаһ разы болсын, ол Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естіген: «Сираттың екі шетінде ілгіштер ілінеді, олар өздеріне әмір берілгендерді ұстай бастайды. Кімдерді сол ілгіштер тырнаса ғана, олар құтылады, ал ұстап алғандары тозаққа тасталынады» Муслим риуаяты бойынша.

Абу Сағид аль- Худридің жеткізуі бойынша, оған Аллаһтың ризалығы болсын, ол Пайғамабардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сират көпірі жайлы айтып жатқанда, одан ол неғылған көпір деп сұрағандарға ол былай деп жауап бергенін естіген: «Оның үстінде саан өсімдігіне ұқсас тікенектер мен ілгіштер болады. Имандылардың бір бөлігі оның үстінен көзбен қарағандай, бір бөлігі - найзағайдай, бір бөлігі оның - жел

[109] «Әнбия» сүресі, 47 аят
[110] «Қариға» сүресі, 6-11 аяттар
[111] аль-Бухари риуаяты бойынша.
[112] «Каһф» сүресі, 49 аят
[113] «Іншиқақ» сүресі, 7-12 аяттар
[114] «Марйам» сүресі, 70- 71 аяттар

сияқты, бір бөлігі - құс сияқты, бір бөлігі - шапқан ат сияқты жылдам өтеді. Мұсылман баласы құтылады. Ал ілгіштер тырнап ұстағандар тозаққа түседі».[115]

7 - Жәннәт және Тозақ.

Басы осы дүниеге етіп түскеннен бастап өмір сүру, өлу, қабір өмірі, тірілу, жиналу, есеп беру сияқты бөліктерден тұратын ұзын саяхаттың аяғы не Жәннәт, не Тозақ болып екеуінің бірімен аяқталады. Бұл екеуінен басқа барар жер жоқ. Осы дүниеде тура жолмен жүрген мұсылман баласы Аллаһтың рахымымен Жәннәтқа кіреді. Олар жайлы Аллаһ Тағала Құранда былай дейді: **«Күдіксіз сондай иман келтіріп, түзу іс жасағандар, міне солар жаратылғандардың жақсысы. Олардың Раббыларының қасындағы сыйлықтары, астарынан өзендер ағатын Ғадын жәннәттары. Олар онда мәңгі қалады. Аллаһ олардан разы, олар Аллаһтан разы. Осы сыйлық Раббысынан қорыққан кісі үшін»[116]** Ал Аллаһқа иман келтірмеген, Аллаһқа қарсы шыққан, адасқан қауым тозаққа барады. Аллаһ Тағала былай дейді: **«Расында, Аллаһ кәпірлерге лағнет етті. Және оларға жалындаған тозақ әзірледі. Олар онда мәңгі қалады. Не дос, не көмекші таба алмайды. Олардың беттері от ішінде аударылатын күні: «Әттең! Бізге не болды? Аллаһқа бой ұсынып, пайғамбарына көнген болса? Еді» - деді»[117]**

Жәннәт және оның тұрғындарының суреттемесі.

Аллаһ Тағала былай дейді: **«Раббының хұзырынан шығудан қорыққан кісіге екі бейіш бар. Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер! Екеуі де түрлі жемісті. Ендеше раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? Ол екеуінде ағатын бұлақ бар. Ендеше Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? Ол екеуінде жемістер қос-қосымен. Ендеше Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? Олар астары қалың жібек төсектерге сүйеніп отырады. Екі бақшаның жемістері жақын тұрады. Ендеше Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? Бейіштерде өз ерлеріне телмірген сондай-ақ өздеріне олардан бұрын адамдар да жындар да соқтықпаған жұбайлар бар. Ендеше Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? Ол жұбайлар яқұт, маржан сияқты. Ендеше Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? Жақсылық сыйлығы жақсылық қана. »[118] «Сөзсіз тақуалар бақшаларда және бастауларда болады. Жәннәтқа амандықпен кіріңдер. Олардың жүректеріндегі кекті шығардық, туыс болып, тақтардың үстінде бір-біріне қарсы отырды. Жәннәтта олар шаршамайды да одан шығарылмайды. (Мұхаммад,) құлдарыма хабар бер. Күдіксіз Мен Жарылқаушы, Мейірімдімін».[119]**

Абу Хурайраның, ол кісіге Аллаһ разы болсын, жеткізуімен ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естіген: «Бірінші топ болып Жәннәтқа кіретіндер (жарық түнде) толған ай секілді болады, сосын олардың артынан ергендер кіреді, сонда олар көктегі ең жарық планетадай болады. Олар не зәр шығарушы, не іш босатушы, не сіңбіруші болмайды, тарақтары алтыннан болады, терлері мускустай жұпар иісті болады, хош иісті бөлмелерінде игілікті ағаш алоэ

---

[115] Муслим риуаяты бойынша.

[116] «Бәййнә» сүресі, 7-8 аяттар
[117] «Әхзап» сүресі, 64-66 аяттар
[118] «Рахман» сүресі, 46-60 аяттар
[119] «Хыжыр», 46-49

(мүңкіп) жанатын болады, олардың әйелдері үлкен көзді хор қыздары болады, түрлері жағынан олар ұқсас болады, өйткені бейнелерімен әкелері Адамға ұқсас болады, сондай-ақ олардың бойлары алпыс білек болады».[120]

Абу Хурайраның, ол кісіге Аллаһ разы болсын, жеткізуімен ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естіген: «Расында, Жәннәттағы садақтай жер, күннің шығатынының (бататынының) бәрінен артық!»[121]

Сухайб, ол кісіге Аллаһ разы болсын, жеткізуімен ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді: «Жәннәт тұрғындары Жәннәтқа кірген кездерінде Мейірімді Аллаһ Тағала: «Сендерге тағы бір нәрсе беруімді қалайсыңдар ма?», - деп сұрайды. Олар: «Сен біздің жүзімізді ағарттың емес пе? Сен бізді Жәннәтқа кіргізіп Оттан құтқардың емес пе?!», - дейді. Осыдан кейін Аллаһ пердені алады да, сонда Оның бергендерінің ішіндегі олар үшін ең қымбаты Олардың Раббыларына қарауы болады».[122]

Тозақ және Тозақ тұрғындарының суреттемесі.

Аллаһ Тағала былай дейді: **«Я, осы! Ал расында азғындар үшін жаман орын бар. Олардың кірер жерлері тозақ. Сонда нендей жаман орын; Я, осы! Енді олар, қайнар су, ірің татсын! Тағы басқа осы сияқтылардың неше түрлісі бар»**.[123] **«Негізінен ондай аяттарымызға қарсы шыққандарды жедел тозаққа саламыз да, олардың терілері жанған сайын азапты татулары үшін, оны басқа терілерге ауыстырамыз. Шексіз Аллаһ тым хикмет иесі».**[124]

Сонымен, хадистер мен Құран аяттарына жүгінетін болсақ, Жәннәт пен Тозақтың ешбір ортақ нәрсесі жоқ. Жәннәт Аллаһтың өзіне бой ұсынған, яғни бағынған құлдарына көрсететін рахымы болса, ал Тозақ ол Аллаһтың өзіне қарсы келген, яғни бағынбаған құлдарына жазалайтын орын болып табылады. Жәннәт адам баласының көзі көрмеген және құлағы естімеген, керек десеңіз ойына да ала алмайтын, шаршамайтын мәңгілік рахат орын болса. Ал тозақ, еш уақытта демалуы жоқ мәңгілік өкініш, қайғы, қорлық азап орны болып табылады.

Иә Раббым Аллаһ, егер Саған құлың Өзіңе қол жайып сұраса, Сен оның қолын бос қайтармайсың және сұрағанын Берушісің. Иә Раббым Аллаһ, Өзіңнен қолымызды жайып Өзіңнің Жәннәтіңді сұраймыз, Өзіңе Өзіңнің Тозағыңның, қабір азабынан, сыйынамыз, пана іздейміз! Пайғамбарымыз Мухаммадқа Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын! Серігі жоқ Аллаһ Тағалаға мақтаулар болсын! Әмин.

Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, шапағаты, яғни болысуы.

Абу Хурайраның, ол кісіге Аллаһ разы болсын, жеткізуімен: Бірде біз Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге қонақта болған кезімізде оған оның сүйетін (тамағы), қойдың жауырынын берді, сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: «Мен Ақыретте барлық адамдардың басшысы

[120] аль-Бухари, Муслим
[121] аль-Бухари, Муслим
[122] Муслим.
[123] «Сад» сүресі, 55-58 аяттар
[124] «Ниса» сүресі, 56 аят

боламын. Сендер бұның себебін білесіңдер ме? Өйткені Аллаһ алғашқылар мен соңғыларды бәрін көріп, ал жаршының айғайын бәрі ести алатындай болады. Сонда оларға күн жақындатылып оларды қайғы мен қасырет қинағаны сонша олардың күштер құрып, шыдамдары таусылып бір-біріне: «Сендер қандай жағдайға жеткендеріңді көрмейсіңдер ме? Сендер өздерің үшін болысатын шапағатшыны іздемейсіңдер ме?», - дей бастайды. Сонда бір адам басқаларына: «Сендердің әкелерің - адам!» Солай адамдар оған барып: «Иә Адам, сен - адамдардың әкесісің, Аллаһ сені Өзінің қолымен жаратты және саған Өзінің рухынан үрледі, сондай-ақ Оның әмірімен олар сенің алдыңда сәжде жасады және Ол сені Жәннәтта орналастырды, сондықтан біз үшін өзіңнің Раббыңның алдында болысып шапағат жасамайсың ба! Сен біздің қандай күйге жетіп, қандай жағдайда тұрғанымызды көрмейсің бе?!», - дейді. Сонда Адам: «Расында, бүгін менің Раббымның ашуланғаны соншалық, Ол бұдан бұрын бұлай ашуланған емес және бұдан кейін де бұлай ашуланушы болмайды, сондай-ақ, расында, Ол маған ол ағаштың жемісін жеуге тыйым салды, ал мен болсам оның айтқанын орындамадым! Мен өзім, мен өзім қорғанға мұқтажбын, ал сендер болсаңдар Нұхқа барыңдар!», - дейді. Солай олар Нұхқа келіп: «Иә Нұх, сен жердегі Аллаһтың ең бірінші елшісісің, сондай-ақ Аллаһ сені игілікті құлым деп атады. Сен біздің қандай күйге жетіп, қандай жағдайда тұрғанымызды көрмейсің бе?! Біз үшін өзіңнің Раббыңның алдында болысып шапағат жасамайсың ба!», - дейді. Сонда ол: «Расында, бүгін менің Ұлы Құдіретті Раббымның ашуланғаны соншалық, Ол бұдан бұрын бұлай ашуланған емес және бұдан кейін де бұлай ашуланушы болмайды, сондай-ақ, расында, менің жердегі өмірімде Аллаһқа бір дұға айтуыма рұқсат берілген болатын, мен сол дұғаны өзімнің халқым үшін жасап қойдым. Мен өзім, мен өзім қорғанға мұқтажбын, ал сендер болсаңдар менен басқаға Ибраһимге барыңдар!», - дейді. Сонымен олар Ибраһимге келіп: «Иә Ибраһим, сен - Аллаһтың пайғамбарысың және Оның Жер тұрғындарының арасындағы досысың, біз үшін Раббыңның алдында болысып шапағатшы болсайшы! Сен біздің қандай жағдайда тұрғанымызды көріп тұрған жоқсың ба?!», - дейді. Сонда ол оларға: «Расында, бүгін менің Раббымның ашуланғаны соншалық, Ол бұдан бұрын бұлай ашуланған емес және бұдан кейін де бұлай ашуланушы болмайды, мен жайлы айтатын болсақ мен үш рет шындықты айтпадым! Мен өзім, мен өзім қорғанға мұқтажбын, ал сендер болсаңдар Мұсаға барыңдар!»,- дейді. Сонымен олар Мұсаға барып: «Иә Мұса, сен - Аллаһтың елшісісің, сондай-ақ Аллаһ сенімен өзінің жолдауын ұстатып және сенімен сөйлесіп, сені басқалардан гөрі жоғары бағалады, біз үшін Раббыңның алдында болысып шапағатшы бол! Сен біздің қандай күйде тұрғанымызды көрмейсің бе?!», - дейді. Сонда ол: «Расында, бүгін менің Раббымның ашуланғаны соншалық, Ол бұдан бұрын бұлай ашуланған емес және бұдан кейін де бұлай ашуланушы болмайды, ал мен жайлы айтатын болсақ, мен маған әмір етілмеген адамды өлтірдім! Мен өзім, мен өзім қорғанға мұқтажбын, ал сендер менен басқаға Исаға барыңдар!», - дейді. Сонымен олар Исаға келіп: «Сен Аллаһтың елшісі әрі Оның Мәриямға сыйлаған сөзісің және Оның рухысың, сондай-ақ сен адамдармен бесікте жатқан кезінде-ақ сөйлестің, біз үшін Раббыңның алдында болысып шапағат жасасайшы! Сен біздің қандай күйге жеткенімізді көрмейсің бе?!», - дейді. Сонда Иса: «Расында, бүгін менің Раббымның ашуланғаны соншалық, Ол бұдан бұрын бұлай ашуланған емес және бұдан кейін де бұлай ашуланушы болмайды!», - дейді де, бірақ өзінің ешқандай күнәләрі жайлы айтпастан: «Мен өзім, мен өзім қорғанға мұқтажбын, ал сендер болсаңдар менен басқаға, Мұхаммедке, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, барыңдар», - деді.

Бұл хадистің тағы бір нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:

Сонымен олар маған келіп: «Иә Мұхаммад, сен - Аллаһтың елшісісің және Пайғамбардың соңысың, ал Аллаһ болса сенің өткен және болашақ күнәләріңнің бәрін кешірді, біз үшін өзіңнің Раббыңның алдында болысып шапағатшы болсайшы! Сен біздің қандай күйде тұрғанымызды көрмейсің бе?», - дейді. Сонда мен Аллаһтың Күрсісінің етегінің жанына барып Раббымның алдында сәждеге құлаймын, сосын ол маған бұрын соңды ешкімге ашпаған мақтау мен мадақтау сөздерін ашады, сосын маған: «Иә Мұхаммад, басыңды көтер! Сұра, сұрағаның беріледі, шапағатшы бол, сенің шапағатың қабылданады!», - делінеді. Сонда мен басымды көтеріп: «Менің үмметім, иә Раббым, менің үмметім, иә Раббым, менің үмметім, иә Раббым!», - деймін. Сонда маған: «Иә Мұхаммад, үмметіңнен есептен босатылғандарды Жәннәттің оң қақпасынан кіргіз, біракта олар адамдармен бірге басқа қақпалардан да кіре алады!», - делінеді.

Сосын Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді:

Жаным қолыңда Болғанның атымен ант етемін, расында, Жәннәт қақпаларының екі жармасының арасы Мекке мен Хаджардың (не: ... Мекке мен Бусраның) арасындай! Аль-Бухари, Муслим.

Ал енді бізге шапағат жайлы осы Хадистен артық қандай ілім керек. Бізге осындай ілімді жеткізген Аллаһ Тағалаға сансыз шүкірліктер айтамыз. Аллаһ Тағаладан, Пайғамбарды, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізге шапағатшы етуін сұраймыз. Мұхаммедке Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. Бүкіл әлемнің Раббы Аллаһқа мақтаулар болсын. Әмин.

ТАҒДЫРҒА ИМАН

Барлық жақсылық пен жамандық Аллаһ тарапынан жазмыш екендігіне сену.

Тағдыр дегеніміз - ол Аллаһ Тағаланың барлық өзінің жаратқандарына, яғни бүкіл әлемге және сол әлемдегі бүкіл тіршілікке олардың не істеп, не қоятынын алдын-ала біліп оларды жазып қоюын айтамыз.

Тағдырға иман келтіру келесі мәселелерді қамтиды:

I. Аллаһ Тағала барлық нәрсені жалпылама да, егжей-тегжейлі де алдын ала, мәңгі біледі.

2. Соны Аллаһ Тағала ләухул-махфузаға жазып қойғандарына сену. Бұл жөнінде Аллаһ Тағала былай дейді: **«Аллаһтың жер көктегі нәрселерді білетінін білмейсің бе? Шексіз бұлар кітапта жазулы. Күдіксіз бұл Аллаһқа оңай».**[125]

3. Барлық болатын нәрселер Аллаһтың қалауымен ғана болады деп сену. Аллаһ Тағала былай дейді: **«Аллаһ сендерді де жасаған нәрселеріңді де жаратты»**[126]

Аллаһ, адам баласына талғам еркін берген. қалағанын істеуде ерікті. Сондықтан адамдар барлық істегеніне жауапкер болады, еңбек ететін және табысқа қол жеткізетін кісінің өзі. Бірақ оны, жаратқан Аллаһ. Аллаһтың бар нәрсені ежелден біліп отыруы біздің бір істі ерікті түрде істеуімізге кедергі болмайды. Аллаһ Тағала біздің өз қалауымызбен қалай әрекет ететіндігімізді біледі. Қалағанымызды істей алуымыз үшін бізге ерік берген, әр істен нәтиже алу үшін, қолдан келген қажетті жұмыстарды істегеннен басқа, істейтін іс қалмағаннан кейін, істі, Аллаһқа тапсыру, Аллаһқа бел байлау керек. Міне, бұны дінімізде «Тәуеккел» дейді.

Бір хадистерде Убада өзінің баласына былай дегені айтылады: «Балам, сенің басыңнан өткен барлық істің болмауының мүмкін еместігін және болмаған істің болуының мүмкін еместігін түсінбейінше, сен еш уақытта діннің (тәтті) дәмін тата

[125] «Хаж», 70 аят

[126] «Сәффат» сүресі, 96 аят

алмайсың. Мен Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естідім: «Аллаһтың ең бірінші жаратқаны қалам болды. Сосын Ол оған: «Жаз!», - деп әмір берді. Қалам: «Не жазайын?» - деп сұрады. Аллаһ Тағала: «Ақырет күніне дейін бәрін жаз», - деді.» Балам, мен сондай-ақ Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Кімде-кім осындай сеніммен[127] өлмесе, ол менен емес», - дегенін естідім.[128]

Тағдыр негізінен біз үшін ғайып. Оны адам баласы зерттеп түбіне жете алмайды. Жоғарыда келтірілген хадиске сүйенетін болсақ тағдырға иман, мұсылман баласы үшін екі нәрсе ауадай қажет. Олар:

1. Болған іске өкінбеу, яғни болған нәрсенің болмауы мүмкін еместігіне сенім.

2. Болашақ үшін уайымдамау, яғни болатын нәрсенің де болмай қалуы мүмкін еместігіне сенім

Осы екеуін жақсы түсінген адам - сол бақытты адам деп ойлаймыз. Ал бәрін білуші бір Аллаһ Тағала ғана.

КҮПІРЛІК - имансыздық жайлы.

Жоғарыда айтылған иманның біріне, не бәріне, не біреуінің ішіндегі тармақтарының біріне сенбеу, не дұрыс емес деу, не болмаса осы күні сол өзгерді деу - имансыздық, яғни күпірлік болып табылады. Күпірлік те ширк секілді үлкен және кіші болып екі түрге бөлінеді.

Үлкен күпірлік пен кіші күпірліктің де бір-бірінен айырмашылығы үлкен ширк пен кіші ширктің айырмашылығы сияқты, үлкен күпірлік жасаған адам діннен шығады, бүкіл жасаған амалдарын күйдіреді және үлкен күпірлікті жасаған адам өлгенінше тәубеге келіп Аллаһ Тағала мейірімімен кешірмесе олар Жәннәтқа кірмейді. Ал кіші күпірлік үлкен күнәләрдің бірі болып табылады, бірақ оны жасаған адам діннен шықпайды, кіші күпірлік жасаған адамның тек қана сол кіші күпірлік жасаған амалы ғана қабыл емес, және кіші күпірлік иелерін Аллаһ Тағала тәубесіз де кешіруі мүмкін, ал тозаққа түссе де онда мәңгілік болады деп те айта алмаймыз.

Кәпірліктің үлкені.

Үлкен кәпірліктің өзін үш топқа бөлуге болады:

1. Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түсірілгеннің біреуін не болмаса бәрін теріске шығару жатады. Мысалы, парыздардың бірін теріске шығару, тыйым салынған нәрселердің бірін теріске шығару, не болмаса Құранда және хадистерде айтылып кеткен Аллаһтың сипаттарының не есімдерінің бірін теріске шығарса үлкен кәпірлік болып табылады. Аллаһ Тағала былай дейді: **«Аллаһқа жасанды жала жапқаннан немесе келген шындыққа қарсы болғаннан залым бар ма? Кәпірлердің орны тозақ емес пе?»[129] «Олар мұғжизаларға көңілдері сенген бола тұра зұлымдық, менмендікпен қарсы шықты ... »[130] «Самұдтің азғындары өтіріксінді»[131]**

Бұған мысал ретінде, егер адам ораза ұстау парыз емес десе, не болмаса намаз оқу парыз емес, не болмаса күніне бес уақыттың орнына екі рет оқу парыз десе. Не болмаса

---

[127] Яғни, тағдырға сеніммен.

[128] Абу Дауд риуаяты бойынша.

[129] «Ғанкабут» сүресі, 68 аят

[130] «Нәміл» сүресі, 14 аят

[131] «Шаміс» сүресі, 11 аят

адам, Аллаһ Тағаланы мойындаймын, бірақ Ол бәрін көріп тұруы мүмкін емес, деп Аллаһтың бір сипатын мойындамаса, бұл да кәпірлікке жатады. Және бұған періштелер жоқ, не болмаса Ақыр заман болмайды деген сияқты сенімдер жатады. Әрине бұлар кәпірліктің үлкен түрі.

2. Тәкаппарлықты мойындамау, яғни қарсы шығу. Бұған Шайтанның (Ібілістің) күпірлігі жатады. Аллаһ Тағала айтады: «**Сол уақытта періштелерге: «Адамға сәжде қылыңдар», - дедік. Сонда олар дереу сәжде қылды. Бірақ Ібіліс бас тартып, дандайсып қарсы келушілерден болды».**[132]

Бұған Пайғамбардың Пайғамбар екенін біліп, бірақ оған көкіректіктен бағынбағандар жатады, бұл яһудилерге тән, Олар туралы Аллаһ Тағала былай деді: **«Олардың қасындағы Тауратты растаушы құран келген шақта, олар бұрын (ақыр заман Пайғамбары арқылы кәпірлерге) үстемдік тілеген бола тұра өздеріне Тауратта таныған (**Мухаммад ρ**) келген заманда (**ол яһуди емес басқа ұлттан деп**) қарсы шықты. Қарсы болушыларға Аллаһтың лағінеті болсын».**[133]

3. Иманнан бұлтару, ауытқу. Бұл иманды біле тұра оны жүрегімен сіңірмей одан бұлтарып, орындамаса. Аллаһ Тағала былай дейді: **«Раббыңның аяттары арқылы үгіт берілгеннен кейін олардан бұрғаннан кім залымырақ? Әрине күнәһарлардың лайықты жазасын береміз»**[134]

Бұған жай мысал келтіретін болсақ, егер адам айтса: «Менің жүрегім таза, дін ең бастысы ақ болу, таза болу мен онсызда көңілім ақ намаз оқымасам да болады» - десе, онда ол кәпірлік жасады, неге десеңіз ол Аллаһтың орында дегенін, яғни бір парызын орындамаса да болады деп, бұлтарып не теріске шығып тұр. Не болмаса адам: «Аллаһ Тағала арақты бұзақылық жасамас үшін ішпе деді, ал мен болсам арақты ішіп алып тып-тыныш ешкімге зияным тимей отырамын, олай арақ ішсе болады», - десе, ол да кәпірлік болады, діннен шығады. Біз Аллаһ Тағаланың тыйым салған нәрсесін, тыйым деп санаймыз. Егер Аллаһ Тағала бізге шәйді ішпеңдер десе еді, біз шәйді де ішпес едік, бірақ Аллаһ Тағала бізге шәйға тыйым салған жоқ, араққа тыйым салды, сондықтан арақ ішу - харам. Оның ар жағын, яғни неге, қалай, не үшін оларды біз зерттемейміз.

Кәпірліктің кішісі.

Шариғатта кәпірлікке теңестірілген күнәлардің үлкенін, бірақ үлкен кәпірлікке кірмейтін түрін, кіші күпірлік дейді. Мысалы, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деген: «Мұсылманды балағаттау арсыздық болады, ал мұсылманмен соғысу - кәпірлік»[135] «Мен өлген соң бір-бірінің басын шапқан кәпірлерден болмаңдар»[136] «Егер адам өзінің бауырына: «Иә кәпір!» дейтін болса, - әлбетте бұл (кәпірлік) екеуінің біреуіне қайтып келеді (яғни тиеді)» имам Муслим, Аль-Бухари Омардың айтуымен риуаят еткен. «Менің үмметімнің екеуі кәпірлікке кірді олар: біреуді шыққан тегіне байланысты жәбірлеген адам және өлген адамға (шектен шығып) жоқтап жылау (шашын жұлу, айқайлау, тырнау, т.б)».[137]

Құрамында күпірлік бар сөздер жайлы:

[132] «Бақара» сүресі, 34 аят
[133] «Бақара» сүресі, 89 аят
[134] «Сәжде» сүресі, 22 аят
[135] Аль-Бухари және Муслим риуаяты бойынша, ибн Масғұдтың жеткізуі мен.
[136] Аль-Бухари және Муслим ибн Омардың жеткізуімен.
[137] Муслим риуаяты бойынша.

Алтын көрсе періште жолдан таяды, деп айту иманға қарсы сөз болып саналады. Аллаһ Тағала періштені нұрдан жаратқан. Олар тамаққа, киімге, әйелге немесе еркекке мұқтаж емес. Сондықтан олар үшін тас не, алтын не бәрі бір. Және де оларды Аллаһ Тағала күнә істеуден пәк етіп жаратқан. Періштелердің осы сипаттарына иман келтіру иманның шарттарының бірі болып табылады. Демек, бұған қарсы жоғарыдағы сөзді айту иманға қарсы келу, яғни кәпірлік болып табылады.

Мың күндік Жәннәттан, бір күндік жарық дүние артық, деп айту жатады. Бұл сөздерді айтқан адам Құранға қарсы шығады және Ақірет күніне қарсы шығады. Олай дейтініміз Құранда Аллаһ Тағала Жәннәтті бұл дүниеден өте көп есе артық дейді. Ал Ақірет күніне иман келтірудің бір тармағы, ол Жәннәттің бұл дүниеден анағұрлым жақсы екендігіне иман келтіру жатады. Демек, жоғарыдағы айтылған сөзді айту иманға қарсы келу, яғни кәпірлік болып табылады.

Ұра берсе, Шайтан да өледі, деп айту да жақсы сөз емес. Біз бәріміз әрине лағынетті Шайтанды жақтырмаймыз, бірақ Құранда Аллаһ Тағаланың белгілі уақытқа дейін оған өмір бергендігі айтылады, сондықтан оны сол уақытына жеткенше өлтіру мүмкін емес. Ал егер бұған біреу сенбесе ол Құранға иман келтірмеген болып табылады. Ал иманның шарттарының бірі болған Құранға иман келтірмеу ол иманға қарсы келу, яғни кәпірлік болып табылады.

НИФАҚ - екіжүзділік туралы.

Екіжүзділік дегеніміз, ол осы сөздің өзі айтып тұрғандай - біріне былай, ал екіншісіне басқаша көрінгісі келген адамдар. Ал Исламдағы екіжүзділік - ол өзін мұсылмандарға мұсылманмын деп, олардың көзінше шариғаттың барлық амалдарын жасап, ал өзінің жан дүниесі Исламға қарсы адамдарды айтады. Олар туралы Аллаһ Тағала Құранда былай дейді: «Олар (өздерінше) Аллаһты және иман келтіргендерді алдайды. Бірақ олар өздерін ғана алдағандарын сезбейді. Олардың жүректерінде дерт бар. Сонда Аллаһ олардың дертін арттыра түсті. Сондай-ақ оларға өтірікшіліктерінің салдарынан күйзелтуші азап бар.»[138] Екі жүзділік те үлкен және кіші болып екіге бөлінеді.

Үлкен нифақ - екі жүзділіктің үлкені.

Екі жүзділіктің үлкен түріне адамның сырт көрінісі мұсылман болып және өзін мұсылманмын деп жариялап, шын мәнінде өздерін мұсылман санамайтын адамдар жатады. Олар кәпірліктің ең үлкен түрі болып тозақтың ең төменгі орнынан орын алады. Олар жөнінде Аллаһ Тағала Құранда былай дейді: **«Негізінен мұнафиқтар (екі жүзділер) тозақтың ең төменгі қабатында болады. Әрі оларға ешбір жәрдемші таба алмайсың».[139]**

Кіші нифақ - екі жүзділіктің кішісі.

Екі жүзділіктің кіші түрі де кәпірліктің кіші түрі секілді күнәлардің бірі болып, бірақ оны жасаған адам діннен шықпайды және Аллаһ Тағаланың тәубесіз де кешіруі мүмкін күнәләрінің қатарына жатады. Бұған мысал ретінде Пайғамбардың, оған

[138] «Бақара» сүресі, 9-10 аяттар
[139] «Ниса» сүресі, 145 аят

Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келесі айтқан хадистерін келтіруге болады: «Екі жүзді адамды үш түрлі белгісімен айыруға болады, олар: «Ол бір нәрсе айтса - өтірік айтады, бір нәрсе уәде берсе - уәдесін орындамайды және оған бір нәрсе аманат етілсе оған опасыздық жасайды»[140]

«Шын мунафиқты (екі жүздіні) төрт түрлі сипатымен айыруға болады. Егер адамда осы сипаттардың бірі болса, онда ол адамда екі жүзділіктің бір белгісі болады. Төртеуімен ерекшеленетіндер олар, опасыздық етеді - егер оған сеніп тапсырылса (аманат), өтірік айтады - әңгіме айтса, сатқындық жасайды - егер келіссе, шектен шығып жауласады - егер жауласа»[141]

Дінге жаңалық енгізудің зияны жайлы.

Айша анамыздың, ол кісіге Аллаһ разы болсын, жеткізуімен ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естіген: «Біздің іске[142] қатысы жоқ амалды кіргізгеннің амалы қайтарылады[143] .»[144]

Бұл хадистің Муслим келтірген басқа бір нұсқасында былай делінеді: «Біздің іске сәйкес келмейтін кез келгеннің амалы, қайтарылады».

Бұл жердегі «Жаңалық енгізу» сөзі, дін мәселесінде жаңадан бір нәрсені ойлап табуды білдіреді.

Муслимнің «Сахихінде» Жәбірдің жеткізуімен, ол кісіге Аллаһ разы болсын, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын келтіріледі: «Содан соң, расында, ең жақсы сөздер болып Аллаһтың Кітабы[145] саналады, жақсы басшылық - ол Мұхаммадтың басшылығы, амалдардың ең жаманы болып жаңадан ойлап табылған амалдар болып табылады, ал барлық жаңадан енгізу адасу болып табылады!»

Өткен ғалымдардың айтуы бойынша, дінге жаңалық енгізген адам, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үмметіне діндегі кейбір мәселелерді жеткізбеді, ал мен болсам оларды толықтырамын, деп өзін Пайғамбар дәрежесіне көтергенмен тең болады, дейді. Ал мұндай көзқарас Құран мен Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сүннетіне қарсы келу болып саналады. Аллаһ Тағала өзінің кітабы Құранда былай деді: **«Бүгін діндеріңді толықтастырдым және нығметімді тамамдадым. Сондайақ сендерге Ислам дінін қоштап ұнаттым ... »** [146]

Дінге жаңалық енгізудегі қатерлердің бірі, жаңалық енгізіп жатқан адам өзінің қателігін мойындамай, өзінің ісін дұрыс және тура жол санауында. Ал, расында тура жолдағы адам біріншіден Құран мен Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жолынан ауытқымаушы және дінге жаңалық енгізбеуші адам болса, ал екінші жағынан өзінің нәпсісінің жеңіп, діннің бүкіл бұйрықтарын бұлжытпай орындаушы адам болып табылады.

Абу Хурайраның, ол кісіге Аллаһ разы болсын, жеткізуімен ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естіген: «Расында, бұл дін оңай, бірақ кімде-кім онымен жарысатын болса, онда дін оны сөзсіз

---

[140] аль-Бухари, Муслим Абу Хурайраның жеткізуімен.
[141] аль-Бухари мен Муслим бин Амр арқылы жеткізеді.
[142] Яғни, Исламға.
[143] Яғни, қабыл болмайды.
[144] аль-Бухари мен Муслим.
[145] Яғни, Құран.
[146] «Мәида» сүресі, 3 аят

жеңеді, сондықтан дұрысын ұстаңдар да (дінге неғұрлым) жақындаңдар, қуаныңдар да Аллаһтан таңертең, түсте, кешке және түннің бір бөлігінде көмек сұраңдар».[147]

Бұл хадистің басқа бір нұсқасында былай делінеді:

... сондықтан дұрысын ұстаныңдар да (дінге неғұрлым) жақындаңдар, қуаныңдар да Аллаһтан таңертең, түсте, кешке және түннің бір бөлігінде көмек сұраңдар, сонда көздеген мақсаттарыңа жетесіңдер.

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, « ... онда дін сендерді сөзсіз жеңеді ... », дегені, Аллаһ Тағала Өзі жаратқан адам баласының шама шарқын жақсы біледі, Ол дінді адамның сол шама шарқына сай етіп түсірді. Оны дұрыс түсініп ұстанған адам үшін, ол адамға қуат беріп, оны көздеген мақсаты Жәннәтқа жеңіл әрі қуандырып жетелейді. Ал адам баласы діннің бұйырмаған нәрсесінен артық амалдар жасаймын деп, яғни жаңалықтар енгізіп онымен жарысатын болса, онда адам соңында ғажып, істеген ісі оған қуаныш әкелмей керісінше реніш әкеледі. Сондықтан Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: « ... дүрысын ұстаныңдар да (дінге неғұрлым) жақындаңдар, қуаныңдар да Аллаһтан таңертең, түсте, кешке және түннің бір бөлігінде көмек сұраңдар, сонда көздеген мақсаттарыңа жетесіңдер», - дейді. Ал бәрін білуші бір Аллаһ ғана.

Жаңалық енгізгеннің қатерлі жақтарының бірі, әрбір жаңалықтар енгізу имансыз бен исламның жаулары үшін дінді іштей бұзуға кең мүмкіншілік береді, өйткені жаңалықтар исламның негіздеріне қайшы келеді. Сондай-ақ жаңаллық енгізулер, шариғатты өзінің қосқандары мен ойлап тапқандарына мұқтаж, ден ойлайтын әрбір ақылсызға жол ашып шариғатқа нұқсан келтіреді, ал ол болса өзін сауапты істер істеп, шариғатқа пайдамды тигізіп жатырмын, деп ойлайды.

Дін амалдарының қалай жасалу керектігі, сондай-ақ амалға берілетін сауап жайлы мағлұматты Аллаһ біледі, одан кейін Оның елшісі, Аллаһтың білдіргендерінен біледі. Сондықтан, кімде-кім Құранда және Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сүннетінде жоқ амалдарды орындайтын болса, демек ол адам ғайып мәселесіндегі істермен шұғылданып жатыр, өйткені қандай істе сауап бар екендігі жайлы және ол сауабтың үлкен кішілігі жайлы біз үшін ғайып болып табылады. Әр бір жаңалық енгізушінің ниетінде ешбір жаман ой болмайды, ол адам керісінше Аллаһ Тағалаға жақындағысы келіп қосымша амалдар жасайды. Бірақ амалдардың қабыл болуының шарттарына біріншісі ниет болса, екіншіден жасалатын амалдың, адам баласына әкелетін пайдасы жоқ, пайда тұрмақ адам баласы одан көп зиян табады. Бұған дәлел төмендегі хадис:

Анас, ол кісіге Аллаһ разы болсын, ол былай деді: «Бірде Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әйелдерінің үйінің жанына, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қалай құлшылық ететіндігі жайлы сұрап үш адам келді. Оларға оның қалай құлшылық ететіндігі жайлы айтқанда, олар оны аз санап былай деді: «Алдыңғы және өткен күнәләрі кешірілген Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ілесу бізге қайда». Содан олардың бірі: «Мен болсам түнімен тынымсыз намаз оқимын», - деді. Екіншісі: «Ал мен болсам үздіксіз ораза ұстаймын», - десе, үшіншісі: «Ал мен болсам әйелдерден алшақтап ешқашан үйленбеймін», - деді. Біраз уақыт өтісімен оларға Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келді де: «Осылай да осылай деген сендер ме? Аллаһтың атымен ант етемін, мен сендерден гөрі Аллаһтан көбірек қорқамын, бірақ мен кейбір күндері ораза ұстаймын да, ал басқа күндері ораза ұстамаймын, мен түнде намаз оқимын және ұйықтаймын, және

[147] Аль-Бухари.

мен әйелдермен некелесемін. Ал, кім менің сүннетіммен жүргісі келмесе, оның маған қатысы жоқ!», - деді.[148]

Кемшіліктен пәк, Ұлы Аллаһ Тағаладан, біздің жанымызды, Өзінің риза болған Ислам дінінде болған кезімізде, алуын сұраймыз және бізді дінге жаңалықтар енгізуден сақтауын сұраймыз. Жаңалықтар енгізуші адамның жаңалығына Аллаһ Тағала мұқтаж емес!

* * *

Бұл кітапты құрастыруда Владимир Абдуллаһ Ниршаның араб тілінен орыс тіліне аударған «Иман сабақтары», «Намаз сабақтары» «Исламдағы дін оқуының негіздері», «Мұсылман қорғаны», «Тақуалардың бақтары» және «Пайғамбардың қасиеттері» атты еңбектері қолданылды.

Аллаһтың бізге Құдай болғанына, Исламның бізге дін болғанына, сондай-ақ Мұхаммадтың, оған Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын, бізге елші болғанына ризамыз! Құдіретті Ұлы Аллаһ Тағаладан, Оның көркем есімдерімен және Оның ұлы сипаттарымен бұл еңбегімізді тек Оның жолына ғана арналуын және осы кітапты оқыған немесе жарық көруі мен сіздің қолыңызға жеткізуге себепші болған мұсылмандарға, бұл кітаптың осы дүниеде де, мәңгілік дүниеде де пайдалы болуын сұраймыз. Соңғы пайғамбар Мұхаммедке, оның жан ұясы мен оның жолымен жүргендерге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын! Аллаһ Ұлы!

Ассаляму алейкум уа рахматуллахи уа баракатуһ!

Ислам діні бес діңгектен құралған: «Иман, намаз, ораза, зекет және хаж», - деп Пайғамбарымыздың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзі хабарлаған. Осыған әрбір иланған пенде бірінші иман келтіреді. Осы кітапша, аты барша қауымға белгілі, марқұм, үлкен дін ғұламасы, атамыз Халифа Алтай бастап берген «Иманшарт» кітабының жалғасы деп ұғынуға болады.

Дана қазақта: «Иманды ел түзу», - деген сөзі бар. Аллаһтың әрбір құлына берген ақыл, сана-сезімді жүректе орналасқан шынайы иманмен ұштастырып өмір сүре білсе, жер бетінде күллі қайғы-қасірет, зұлымдық, қатыгездікке жол болмас еді. Аллаһтың Мейірімді, Рахымды, Кешірімді сипаттарын ұғына білген иманды құл - әке мен баланың, ана мен қыздың, ағайын туыстың, ұлттар және діндер арасында түсініспеушіліктерге жол бермейді. Неге десеңіз, иманды құл өзінен бұрын өзгені сыйлап құрметтейді, әр ісін Құран мен Хадиске және ғұламалардың қағидаларына таразылап өлшейді.

Құрметті оқырман, қазақтың қарапайым, жалпақ тілімен жазылған бұл кітаппен, сөз иман әлемімен танысасыз. Аллаһ қаласа, бұл кітап сіздің жүрегіңізге Аллаһқа деген махаббат пен Оның елшісіне деген сүйіспеншілікке және Оның елшісіне деген сүйспеншілікке және оның жолымен жүруге шақыратын сезімнің жаңа лебін кіргізеді. Ертең, Аллаһ Тағаланың дидарын көруге дайындалуыңыз үшін, бұл кітап Құран аяттары және хадистер арқылы, сізді адамдарға ғайып болған Ақырет күнімен таныстырады.

«НауанХазрет» мешітінің бас имамы Рахматолла қажы Ораз ұлы.
Ассаляму алейкум уа рахматуллаһи уа баракатуһ!

[148] Аль-Бухари, Муслим